

Үкімет басшысы Олжас БЕКТЕНОВ:

АРҚАНЫ КЕҢГЕ САЛАТЫН УАҚЫТ ЖОҚ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



ӘДЕМІ ЖОЛ – ҚАЛА КӨРКІ, ТҰРҒЫНДАР ИГІЛІГІ



Аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың қолдауымен Қызылордада жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі - «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылын кеңейту жұмыстары. Осы жобаның жалғасы саналатын Өбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі аралыққа жаңа жол салынуда. Мердігер - «УАД» ЖШС.

Жаңа жол қолданысқа берілгеннен кейін көлік ағыны мен кептеліс реттеледі.

Бүгінде И.Сейітов көшесінің М.Шоқай көшесінен Қашқынбаев көшесіне дейінгі аралығына күрделі жол жөндеу жұмыстары жүруде. Ұзындығы 700 метрді құрайтын көшені «РиА Сервис» мекемесі жөндеуден өткізуде.

Қазіргі уақытта Ұ.Қараманов көшесінің асфальт жабындысы толықтай жаңартылуда. Жұмысты «Қыран» мердігер мекемесі атқаруда. Көшенің ұзындығы 1,8 шақырым.

ЖЕР УЧАСКЕСІН ЗАҢСЫЗ ИЕЛЕНІП АЛҒАНДАР АЗ БА?

Қызылордада қала әкімдігі жанынан құрылған жұмысшы топ қала аумағындағы игерілмей жатқан, еліміздегі жер заңнамасының талап-тарын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерлерді анықтау бойынша тұрақты мониторинг жүргізуде.

Мониторинг барысында қала тұрғындары арасында мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін өз бетінше заңсыз иелену, артық қоршау орнату деректері анықталып, меншік иелеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, құжаттары тиісті шара қолдану үшін уәкілетті органға жолдануда.

Жер кодексінің 43-бабының 10-тармағына сәйкес, жергілікті атқарушы органның жер учаскесін беру туралы шешімінде өзгеше көзделмесе, жер учаскесінің нақтылы (белгілі бір жердегі) шекарасы белгіленгенге дейін және құқық белгілейтін құжаттар берілгенге дейін жер учаскесін пайдалануға жол берілмейді. Осы норманы сақтамау жер учаскесін өз бетінше иеленіп алу деп бағаланады және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылықты көздейді.



КҮМБІРЛЕГЕН КҮЙДІҢ БАЛТАБАЙЫ...

8-бетте

АУДАРЫЛҒАН ҚАРЖЫҒА ҚЫЗМЕТ САПАСЫ САЙ МА?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылған **2017 жылдың 1 шілдесінен 2025 жылдың 1 мамырына** дейін Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына **99,5** млрд. теңге аударған, оның **58,3** млрд. теңгесі жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған **41,2** млрд. теңге жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт

негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы хабарлады.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталады және МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда делінген хабарламада.

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Онда өткен жылыту маусымының қорытындысы және алдағы жылы беру маусымына дайындық барысы қаралды.

Ресми ақпараттардан мәлім болғанындай Премьер-министр өткен жылыту маусымы қалыпты деңгейде өткенін, ал қыста технологиялық бұзушылықтар 10%-ға төмендегенін атап өтті. Қабылданған шаралар жылу стансаларын жаңғырту жұмыстарын қаржыландыруды 44%-ға, жылу желілеріне шамамен 30%-ға ұлғайтуға мүмкіндік берді.

– «Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ең алдымен 19 жылу орталығын жаңғырту жұмыстары аяқталды. Тозығы жеткен қалған барлық жылу станциялары мен желілерін жөндеуді жалғастыру қажет. Біздің міндетіміз – халықты жылумен және электр энергиясымен сапалы қамтамасыз етіп, қолданыстағы жабдықтардың пайдалану мерзімін қауіпті деңгейге жеткізбеу. Ал, ол үшін энергия көздері мен желілердің негізгі жабдықтарын жөндеу және ауыстыру жұмыстарын тұрақты әрі жоспарлы түрде жүргізу қажет. Жөндеу науқанының белсенді кезеңі енді басталып жатыр, сондықтан алдағы жаз айларында күшейтілген режимде жұмыс істеу қажет. Арқаны кеңге салатын уақыт жоқ. Барлық жұмыс белгіленген мерзімде және толық көлемде орындалуға тиіс. Талап қатаң болады», — деп атап өткен Үкімет басшысы осы айда Астана, Көкшетау, Риддер және Қызылорда қалаларындағы жылу көздерін жаңғырту үшін резервтен 25 млрд. теңге бөлу туралы қаулыға қол қойған. Осы жиында Олжас Бектенов Үкімет бұл қаражаттың тиімді жұмсалуды және одан алынған нәтижені бақылайтынын атап өтті.

ЖЫЛУ ДЕГЕН ҚЫРУАР ҚАРЖЫ...

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен жылу беру маусымының қорытындылары мен алдағы маусымға дайындық мәселесі талқыланған Үкімет отырысына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Өткен жылы беру маусымында облыстағы кәсіпорындар штаттық режимде жұмыс істеді, апатты жағдайлар тіркелген жоқ. Жауапты маусым сәуір айында аяқталды. Қазіргі уақытта алдағы жылы беру маусымына дайындық жұмыстары бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілуде.

Биыл жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға 13 млрд. 500 млн. теңге қаржы жоспарланған. Атап айтқанда, Оңтүстік қазандықтағы «Воно энерджи» маркалы үш бу қазандығын жаңғыртуға Үкімет резервінен 2 млрд. 524 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 1 млрд. 329 млн. теңге бөлінді. Қайта жаңғырту жұмыстары қыркүйек айында толық аяқталады.

Сондай-ақ жергілікті бюджет және кәсіпорын қаражаты есебінен 1 генератор, 10 бу және 21 автономды қазандық жөндеуде. Бүгінде жұмыстың 30 пайызы орындалды. Желілерді жаңғыртудың 6 жобасын іске асыруға бюджеттен 7 млрд. 403 млн. теңге қаралған. Мердігерлер анықталып, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Қызылордада қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығы бой көтерді. Инвесторы «Акса Энерджи» түрік компаниясы құрылысқа 137 млрд. теңгеден астам инвестиция құйып, негізгі қондырғылар толық жеткізіліп, орнатылуда. Қазіргі уақытта жұмыстың 70 пайызы атқарылған. Орталық IV тоқсанда іске қосылады.

Бірқатар өңірлердегі энергия көздерін жөндеу жұмыстарының кешеуілдеу қаупі бар. Мәселен, Семей қаласында қазандықтарды жөндеу жұмыстары әлі басталған жоқ. Ал, Маңғыстау облысында «МАЗК-тің» 2-ші Жылу орталығындағы турбинаны жөндеу тиісті жұмыс тәжірибесі жоқ құрылыс компаниясына берілген. Қостанай облысында Рудный жылу электр орталығындағы турбинаны жөндеу 10 сәуірден бері басталған жоқ. Арқалық жылу станциясындағы қазандық бойынша да осындай жағдай қалыптасып отыр. Ұлытау облысы Сәтбаев қаласындағы қазандықтарды жөндеу жұмыстарының қарқыны да тым баяу.

– «Мұндай кемшіліктер өңірлердің бәрінде дерлік кездеседі және ол тиісті бақылаудың жоқтығын білдіреді. Әкімдіктер министрліктерге сілтеп, немесе қаражаттың жоқтығын, конкурстарды сылтауратып, бұл жұмысты назардан тыс қалдыруға болмайды. Жылыту маусымына дайындық – әкімдіктердің алдағы үш ай ішіндегі негізгі міндеті», — деп атап өткен Үкімет басшысы өңір әкімдіктеріне бірқатар тапсырма берді.

4-5-беттер

МАУСЫМ БОЛМАЙ ҚАУЫН ЖЕЙМІЗ

Ресми ақпарат көздерінің хабарлауынша Түркістан облысы Жетісай ауданының диқандары қауынның алғашқы өнімін жинап жатқан көрінеді.

Су ресурстары және ирригация министрлігі мәліметінше биыл егістікке суармалы су ерте берілген. Соның арқасында диқандар қауынның алғашқы өнімін мерзімінен бұрын жинап жатыр.

Қауыны ерте піскен диқандар да: - «Биыл көктем ерте шыққандықтан қауын да уақытынан бұрын пісті. Қажетті суды дер кезінде жеткізіп беріп отырған «Қазсушар» ұжымына алғысымыз шексіз. Осы еңбектің арқасында қауын да ертерек пісті», - деп рахмет айтыпты.

Биыл Түркістан облысы диқандарына суармалы су наурыз айынан беріле бастаған. Оны «Қазсушар» филиалымен арнайы келісімшарт жасаған шаруашылықтар ғана алған.

ҚОЙ НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

“Жесең тісіңе, әйтпесе түсіңе кіретін” ет бағасы елге етті жегізе бермей тұр. Әсіресе қой еті. Бүгінде оның бағасы сыыр, жылқы етін айтпағанда жылқының қазысынан, жал-жаясынан да қымбат болып тұр. Кішкентай ғана қойдың өзінен үл-үлкен сыыр мен жылқыдан соншалықты неге қымбат болғанына жұрт аң-таң.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің министр орынбасарларының бірінің айтуынша сырттан қой етін сатып алушылар көбейіп кеткен, әсіресе, Түркия мен Тәжікстан, Өзбекстан қойды қоймай сатып алып жатыр екен. Сыртқа қымбат өтіп тұрғандықтан қойды, оның етін сататындар қымбатына сатқанын қолай көреді. Содан да ішкі нарықта да қой бағасы қымбаттаған.

КАРТОП ҚАШАН АРЗАНДАЙДЫ?

Қазақтың екінші наны болып тұрған картоп бағасы да қымбат болып тұрғандықтан оны бұрынғыдай қаптап алып жеуге елдің қалтасы

көтермей тұр. Өткенде оның бір келісі 400 теңге болғанда жапа-тармағай картоп неге қымбат деп жұрт жанталасқан соң сәл арзандағандай болып еді. Бүгінде келісі 400 теңгеге жетпегенімен 364-370 теңге болып, сол 400 теңгеге жетер-жетпес болып тұрған картопқа “тойып бір қашан жер екенмін” деп құмарта қарап жүргендердің қарасы қалың. Картоп қашан арзандайды деп те Үкіметке, үкімет Ауыл шаруашылық министрлігіне мойын созса, ал Ауыл шаруашылық министрлігі бақша еккен бақшашылардан, диқандардан дөметіп отыр екен. Министрліктің ресми ақпаратына қарағанда “биыл жеке шаруашылықтарда емес, ұйымдасқан шаруашылықтарда картоп өсіру көлемі 9 мың гектарға артады. Сондықтан картопқа қатысты проблема болмайды” екен. Министр Сапаровтың ойы осы. Өрі картоп бағасы төмендейді деп те үмітті. Министрдің орынбасары Сұлтановтың айтуынша “қосымша картоп алқаптарының өнімі күзге қарай жиналады. Сол кезде баға түсуі керек. Былтыр картоптың бағасы 100 теңге болды, биыл 120-130 теңгеден бастадық. Дегенмен картоптың бағасы әлеуметтік осал топтар сатып ала алатындай деңгейде болады. Оған қоса тұрақтандыру қорлары бар. Осылайша біз картоптың тұрақты бағасын ұстаймыз”.

Нақты жағдайда картоп егетін адамдар тұқымдық картоп таппай жүр. Базарлардағы, дүкен

сөрелеріндегі Ираннан, Пәкістаннан, Қытайдан келген картоптардың етуге жарамайтындығын ел айтуда. Тұқым тапқаны су тапшылығын айтуда. Негізгі арзан картопты өңімізде көре алмаймыз-ау...

ТҮРКІСТАННЫҢ ҚЫРЫҚҚАБАТЫ

Көктем-жаз айлары егін науқаны екені белгілі. Көп жұрт енді бақшасын егіп, егінін салып жатыр. Алайда ерте көктемде еккен егінін жинап жатқандар да бар. Мәселен Түркістан облысында 1-2 мың гектар алаңнан 38,3 мың тонна қырыққабат жиналған. Сенімсіз көрінесе де ресми ақпарат осылай. Ауыл шаруашылығы министрі егіс жұмыстарын ерте қаржыландырудың арқасында шаруалар негізгі ресурстарды, яғни тұқым, тыңайтқыш, жанар-жағар май мен ауыл шаруашылығы техникасын қолайлы бағамен алып үлгіргендіктен де ауа райы қолайлы Түркістанда қырыққабаттан бөлек, тіпті қауын да пісіп жатыр дейді. Министр айтуынша “биыл 580 мың тоннаға жуық ерте пісетін көкөніс жинау жоспарлануда, бұл жаңа егін жинауға дейінгі маусымаралық кезеңде ішкі нарықтың қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді” екен.

«ҚЫЗЫЛОРДА ЭЛЕКТР ТАРАТУ ТОРАПТАРЫ КОМПАНИЯСЫ» АҚ-НЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БӨЛШЕК САУДАДА ӨТКІЗУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ (ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ) ШЕКТІ БАҒАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫЛАТЫЛУЫ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕУШІ МАТЕРИАЛДАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Құрметті тұтынушылар!
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ (*бұдан әрі – «ҚЭТТК» АҚ*) Әлеуметтік маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу қағидаларына сәйкес электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтеріне бағаның алдағы көтерілуі туралы ақпаратты Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментіне (*бұдан әрі – Департамент*) келісуге жіберілгені туралы хабарлайды, шекті бағаны көтеру **2025 жылғы 1 шілдеден** бастап жоспарлануда.

Электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтеріне сараланған шекті бағалардың жобасы
Қызылорда облысының тұтынушылары үшін жобаға сәйкес 1 кВт•сағ үшін болжамды тарифтер ҚҚС-сыз:

1. Орташа босату тарифі - 33,785 теңге, қолданыстағы 25,31 теңге орташа босату тарифінен 8,47 теңгеге немесе 33,5% - ға ұлғая отырып.

2. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі –29,86 теңге
1 деңгей – 28,04 теңге;
2 деңгей – 35,83 теңге;
3 деңгей – 44,79 теңге.

3. Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 37,23 теңге
- бюджеттік ұйымдар үшін тариф –57,44 теңге;
- өзге тұтынушылар үшін тариф –33,785 теңге;
- ӘМБАТТ кәсіпорындар үшін тариф – 33,785 теңге.

Электрмен жабдықтаудың шекті бағасын көтерудің негіздемесі:
1) Электр энергиясының және ілеспе

қызметтердің бағасы мен құнын ұлғайту:

- Бірыңғай сатып алушының электр энергиясына (<https://rfc.kz/upload/iblock/e50/e9go76xwvqX0q346q41k2yz500jl5xib.pdf>);

- Электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету қызметі (<https://rfc.kz/ru/power-market/prices-and-rates/price-for-the-service-to-ensure-the-readiness-of-electrical-power-to-bear-the-load/>);

- «ҚЭТТК» АҚ электр энергиясын беру қызметі (<https://krek.kz/news-doc/tarif%20izmen.pdf>);

- Ұлттық электр желілерін пайдалану және өндіріс-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтері (<https://www.kegoc.kz/upload/iblock/425/gqjgphiuwhbylbaifptyokwrbz22rqkq.pdf>)).

2) Бірыңғай сатып алушыдан сатып алынатын электр энергиясы бағасының, электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету және энергия беру қызметтері бағаларының Қағидалардың 16-тармағына сәйкес келісілген шекті бағада ескерілген және нақты шығыстар арасындағы айырмасы.

3) жабдықтау үстемесінің ұлғаюы (ҚР заңнамасында белгіленген экологиялық апат аймақтарында тұру үшін қосымша төлемдерді ескере отырып еңбекақы төлеуге арналған шығындар (<https://stat.gov.kz>), материалдық шығындарды, өзге ұйымдардың қызметтері және т.б.).

Қазіргі таңда электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтері бойынша жоғарыда көрсетілген тарифтердің жобалары Департаментте қаралуда.

«ҚЭТТК» АҚ электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтері бағасының алдағы өсуі туралы толық ақпаратпен «Монополист» <https://monopolist.gov.kz/> және «ҚЭТТК» АҚ <https://www.krek.kz/> сайттарында танысуға болады.

ИНФОРМАЦИЯ
АО «КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ РАСПРЕДЕЛИТЕЛЬНАЯ ЭЛЕКТРОСЕТЕВАЯ КОМПАНИЯ» О ПОВЫШЕНИИ ПРЕДЕЛЬНОЙ ЦЕНЫ НА 2025 ГОД НА УСЛУГИ РОЗНИЧНОЙ РЕАЛИЗАЦИИ ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ ЭНЕРГИИ (ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЕ) И ОБОСНОВЫВАЮЩИЕ МАТЕРИАЛЫ

Уважаемые потребители!
АО «Кызылординская распределительная электросетевая компания» (*далее – АО «КРЭК»*) в соответствии с Правилами ценообразования на общественно значимых рынках информирует о направлении на согласование информацию о предстоящем повышении цен на услуги розничной реализации электрической энергии (электро-снабжение) в Департамент Комитета по регулированию естественных монополий по Кызылординской области (*далее – Департамент*), повышение предельной цены планируется с **1 июля 2025 года**.

Проект дифференцированных предельных цен на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение)
Согласно проекта прогнозные тарифы для потребителей Кызылординской области за **1 кВт•час без НДС** составляют:

1. Среднеотпускной тариф – 33,785 теңге, с увеличением от действующего среднеотпускного тарифа 25,31 теңге на 8,47 теңге или на 33,5%.

2. Среднеотпускной тариф для физических лиц – 29,86 теңге
1 – уровень– 28,04 теңге;
2 – уровень– 35,83 теңге;
3 – уровень– 44,79 теңге.

3. Среднеотпускной тариф для юридических лиц – 37,23 теңге.
- для бюджетных организаций – 57,44 теңге;
- для прочих потребителей – 33,785 теңге;
- для предприятий СЗПТ – 33,785 теңге.

Обоснованием повышения предельной цены на электроснабжение является:
1) Увеличение цен и стоимости на электрическую энергию и сопутствующие услуги:
- на электрическую энергию Единого закуп-

щика (<https://rfc.kz/upload/iblock/e50/e9go76xwvqX0q346q41k2yz500jl5xib.pdf>);

- на услугу по обеспечению готовности электрической мощности к несению нагрузки (<https://rfc.kz/ru/power-market/prices-and-rates/price-for-the-service-to-ensure-the-readiness-of-electrical-power-to-bear-the-load/>);

- на услуги по передаче электроэнергии АО «КРЭК» (<https://krek.kz/news-doc/tarif%20izmen.pdf>);

- на услуги по пользованию национальными электрическими сетями и услуги по организации балансирования производства-потребления электрической энергии (<https://www.kegoc.kz/upload/iblock/425/gqjgphiuwhbylbaifptyokwrbz22rqkq.pdf>)).

2) Разница между учтенными в согласованной предельной цене и фактическими расходами, в соответствии с п. 16 Правил возникших в результате увеличения цен на покупную электроэнергию Единого заказчика, услуг по обеспечению готовности электрической мощности к несению нагрузки на рынке электрической мощности и на услуги по передаче электроэнергии.

3) Увеличение снабженческой надбавки (затраты на оплату труда (<https://stat.gov.kz>), с учетом установленных законодательством РК дополнительных оплат за проживание в зонах экологического бедствия, материальные затраты, услуги сторонних организаций и др.).

Проекты вышеуказанных тарифов на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение) на данное время находятся на рассмотрении в Департаменте.

Полной информацией о предстоящем повышении цен на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение) АО «КРЭК» можно ознакомиться на сайте «Монополист» <https://monopolist.gov.kz/> и сайте АО «КРЭК» <https://www.krek.kz/>.

Абай Құннанбайұлының туғанына 180 жыл

АБАЙ АУҚАТТЫ БОЛҒАН...

Кемеңгер ақын Абай Құннанбайұлын біз көбіне ойшыл, ағартушы ретінде ғана танып, оның өз дәуірінде ауқатты, ірі шаруашылық иесі болғанына жиі назар аудара бермейміз. Осы ретте Абай облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы ұлы тұлғаның болмысын толық тануға мүмкіндік беретін тарихи деректер ұсынады.

Абай Құннанбайұлының арғы аталары да, әкесі Құннанбай Өскенбайұлы да – би, болыс, ел басқарған, сөзі де, өзі де салмақты адамдар болғаны тарихтан мәлім. Осындай отбасында дүниеге келген Абайдың да жастайынан ел ісіне араласып, басқарушылық қабілеті ерте танылды.

1915 жылы жарияланған тарихи деректерге сүйенсек, Абайдың иелігінде 593 жылқы, оның ішінде 108 жабағы мен 167 құлын, 51 сиыр, 51 түйе, 1417 қой болған. Бұл – жай ғана мал саны емес. Бұл – қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың көрінісі.

1878 жылы Абай Семейде құрылған облыстық статистика комитетінің толық мүшесі ретінде тіркеліп, өз өңірінің әлеуметтік-экономикалық, этнографиялық, мәдени жағдайын зерттеуге белсене қатысқан. Бұл комитетке мүше болу – тек атақ емес, ол адамнан белгілі бір дәрежеде сауаттылықты, қоғамның дамуына бейжай қарамайтын көзқарасты талап етті. Абай бұл міндетті абыроймен атқарып, өлкенің дамуына үлес қосты.

Абайдың мал-мүлкі туралы мәліметтер – жай ғана сандық дерек емес. Бұл – оның тұлғасының жан-жақтылығын, өмір сүрген ортасын, сол дәуірдегі қазақ қоғамының құрылымын тануға мүмкіндік беретін тарихи айғақ.

Мұхит СҮТТІБАЙ

Абай облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ЖАСӨСПІРІМ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙРЫЛДЫ

Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қазақстан Республикасы ҚК-нің106-бабының 2-бөлігінің 7)-тармағымен кәмелетке толмаған сотталушы А.-ға қатысты іс қаралды.

17.01.2009 жылы туылған сотталушы А. 26.10.2024 жылы сағат 20:30 шамасында көше бойында бұзақылық ниетпен, өзімен бірге алып жүрген қайшының бөлігімен оның денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру мақсатында кәмелетке толмаған жәбірленуші Д-нің арқа тұсынан бір рет тығып, ауыр дәрежелі дене жарақатын салған.

Сотталушы А.Қазақстан Республикасы ҚК-нің 106-бабының 2-бөлігінің 7)-тармағымен кінәлі деп танылып,6 жылға бас бостандығынан айрылды.

ҰРЛЫҚ ЖАСАҒАН ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАҒА ТАРТЫЛДЫ

Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қазақстан Республикасы ҚК-нің188-бабының 3-бөлігінің 3) тармағымен кәмелетке толмаған сотталушы Б.-ға қатысты іс қаралды.

01.03.2007 жылы туылған сотталушы Б. 13.01.2025 жылы сағат 01:00 шамасында көшесі бойында жәбірленуші Ш.-ның автокөлігінің ашық тұрған алдыңғы жолаушы жак есігі арқылы ішіне заңсыз кіріп, автокөліктің алдыңғы бөлігінде тұрған ақшаларын, банкомат карточкасын және машинаның алдыңғы жак тұсынан магнитофоны мен артқы орындығының үстінде тұрған дыбыс ұлғайтқышты жасырын жымқырған.

Сотталушы Б.Қазақстан Республикасы ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігінің 3) тармағымен кінәлі деп танылып, 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасы берілді.

Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

КӨЛІК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ БОЛА ТҰРА АЛКОГОЛЬДІК МАСАҢ КҮЙДЕ БАСҚАРҒАН

Сырдария аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 608-бабының 6-бөлігімен азамат Қ.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Азамат Қ. 21.05.2025 жылы Қызылорда Шымкент тас жолы бойында орналасқан Шаған ауылының тұсында өз басқаруындағы моторкөлік құралын басқару құқығы жоқ адам бола тұра алкогольдік масаң күйде басқарған.

Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті, өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен толық дәлелденген.

Медициналық куәландырудың қорытындысына сәйкес, жүргізуші жеңіл дәрежелі алкогольді еліту күйінде болған.

Сот қаулысымен Қ. ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабының 6-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 20 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалды.

Сырдария аудандық соты

«Қармақшы аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысының міндетін атқарушының 2025 жылдың II тоқсанына жеке және заңды тұлғаларды өтініштерімен қабылдау кестесі

№	Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдайтын басшының аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	«Қармақшы аудандық дене тәрбиесі, спорт және бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ержанов Ғалым Серікұлы	Бөлім басшысының міндетін атқарушы	Бейсенбі сағат 15.00-17.00	Қ.Жолдыбаев көшесі №3 үй	2-19-30
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 2-19-30.						

2025 жылғы II тоқсанында Асқар Тоқмағанбетов ауылдық округі әкімінің азаматтарды жеке тұлғалар және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Құрманалиев Нурлан Маханбетжанович	Ауылдық округінің әкімі	әр жұма сайын сағат 15-00 ден 17-00 ге дейін.	Асқар Тоқмағанбетов ауылы, Абай көшесі №1	8(72436) 25-1-44

МЕНШІК ИЕСІ: «Желтоқсан и К» ЖШС Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1 Телефон: 23-16-08 23-16-11	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
---	--	--	---	--

ШЕГІРТКЕ ҚҰР ШЫРЫЛДАМАЙДЫ

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Арал ауданына жұмыс сапары кезінде осы ауданда қолға алынған ерекше қауіпті зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарымен танысып, жедел штаб отырысына қатысты.

– «Қызылорда облысы бойынша 60 мың гектар аумақ зерттелді. Оның 18 мың гектарын химиялық өңдеу қажет. Қазіргі таңда 11 700 гектар жер өңделді. Бұл жұмыстың барынша тез аяқталуын және сапалы орындалуын жеке бақылауымда ұстаймын», – деді министр.

Мамырдың 26-сындағы жағдай бойынша облыста үйірлі шегірткеге қарсы күрес жүргізілуде. Жоспарланған 19,654 мың гектардың 11,706 мың гектары өңделіп

дернәсілдері анықталды. Дегенмен, ауыл шаруашылығы дақылдарына зиян келгені тіркелген жоқ.

Сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың қатысуымен шегіртке зиянкестеріне қарсы күрес жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен жауапты сала басшылары қатысты.

Басқосуда Ақтөбе және Қызылорда облыстарының шегірткеге қарсы күрес жүргізу барысы талқыланып, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерді баяндады.

- “Былтырғы зерттеу жұмыстары нәтижесімен облыс бойынша 115 418 гектарға

гектар жер зерттеліп, экономикалық зиянды шегінен асқан 19 мың гектардың 12,2 мың гектары өңделді.

Ал азиялық шегірткеге қарсы 58,8 мың гектар зерттеліп, 3,2 мың гектар заладданғаны белгілі болды. Экономикалық зиянды шегінен асқаны - 2,5 мың гектар, өңделгені - 1,0 мың гектар.

Арал ауданында италиялық пруска қарсы 124,6 мың гектар жерге мониторинг жүргізіліп, экономикалық зиянды шегінен асқан 11,0 мың гектарына химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Саяқ шегірткеге қарсы күреске 12 арнайы жер агрегатын және 3 әуе ұшағын қатыстыру жоспарланып, барлығы облысқа жеткізілді. Химиялық өңдеу жұмыстары 6 арнайы жер агрегаты және 1 ұшақпен атқарылуда.

Арал ауданында анықталған экономикалық зиянды шегінен асқан 1,5 мың гектар алқап 3 күн ішінде өңделеді.Алдағы уақытта зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы фитосанитариялық іс-шаралар мерзімінде, сапалы және өз деңгейінде жүргізіледі”,- деді Б.Жаханов.

Министр жергілікті атқарушы органдар мен облыстық аумақтық инспекцияларға тапсырмалар жүктеп, алдағы жұмыстарды айқындады. Облыста шегірткеге қарсы жүргізілетін іс-шаралар жоспарының орындалуы қатаң бақылауда болады. Шегіртке тектестерге қарсы күресті уақытылы және сапалы ұйымдастыру үшін зерттеу жүргізіледі. Су көздері анықталып, құдық иелерінен су алу және басқа да ұйымдастыру іс – шараларына жәрдем көрсетіледі. Күтпеген жағдай туындаса, арнайы бүріккіш техникалармен қамтамасыз ету, шегіртке дернәсілдерін жедел химиялық өңдеу тапсырылды.

Аудандар мен қалада «2025 жылы Қызылорда облысында шегіртке зиянкестерімен күрес шараларының іс-жоспары» жасалды. Жол картасына сәйкес маусымдық кезеңде шегіртке зиянкестерімен күрес шараларын ұйымдастыру-үйлестіруге 4 жұмысшы топ жұмылдырылуда.

Өңдеу жүргізілетін әр ауылдық округтен техникалар, зерттеушілер мен жауапты мамандар бекітілді. Жалпы үйірлі шегірткеге қарсы күреске 324 адам қатыстыру жоспарланған. Жергілікті бюджет есебінен маусымдық жұмысқа 230 зерттеуші маман тартылады.

«АУЫЛ АМАНАТЫНЫҢ» ОҢ НӘТИЖЕСІ

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев

Жамбыл облысына жұмыс сапарымен келіп, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына және “Ауыл аманаты” жобасының іске асырылу барысына арналған кеңес өткізді. Жиында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев атқарылған жұмыстарды баяндады.

– “Президентіміздің бастамасымен ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы облыста оң нәтижесін беріп келеді. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында агробизнес өкілдері ауқымды жұмыстар атқаруда. Бұл орайда өңіріміздегі «Абай-Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жаңашыл бастамасын, нәтижелі жұмысын ерекше атап өту қажет. Қазіргі таңда серіктестіктің оң тәжірибесін кеңінен таратуда, облыстың барлық ауылында жаңа өндіріс және сауда нысандарын ашуда белсенді жұмыс бар.

Жоба шеңберінде 1000 шаршы метрден асатын ғимаратта жалпы құны 318,2 млн. теңгені құрайтын

13 жоба іске қосылып, 25 жұмыс орны ашылды.

Осы тәжірибені кеңінен таратып, облыс бойынша 14 шағын орталық құру жоспарланған, 434,9 млн. теңгеге 70 жобаны іске асыру көзделуде”, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақта 447 мың тұрғын, яғни халықтың 53 пайызы ауылдық жерде тұрады. Осыны ескеріп, ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған кешенді жобалар қолға алынған.

2023 жылы 406 жоба, ал 2024 жылы 375 жоба қаржыландырылып, жалпы екі жыл ішінде 1 110 жаңа жұмыс орны ашылды. Шағын кәсіпкерлік субьектілерінің саны 275-ке артты. Сонымен қатар, 50 өндірістік кооператив құрылып, өңдеу өнеркәсібі бағытында 158 жаңа кәсіпорын іске қосылды. Ауыл шаруашылығы саласында 56 жылжыай өндірісі ашылып, 2 676 бас асыл тұқымды мал сатып алынды.

Мал шаруашылығын дамытуда шағын несиелерді асыл тұқымды төрт түлік мал сатып алуға бағыттау ұтымды шешім болды. Нәтижесінде шағын несиелердің 27 пайызы осы салаға бағытталды.

ФУТБОЛ ДЕГЕН БІР ОЙЫН

Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен футбол клубтарын коммерцияландыру мәселелері талқыланған мәжіліс өтті.

Мемлекет басшысы Бурабайда өткен Ұлттық құрылтай отырысында елімізде футболды дамытуға қатысты нақты тапсырма берді.

Қазіргі таңда Сыр өңірінде тапсырмаға сәйкес тиісті жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, биыл елімізде алғашқы болып «Қайсар» футбол клубы легионерсіз, жергілікті және отандық футболшылармен жаңа маусымды бастады. Клубта 600-ге жуық спортшы бар, жергілікті бюджеттен қаржыландырылуда.

Аймақта спорт саласында ауқымды жобалар жүзеге асуда. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11мың орындық «Орталық стадион» салынуда. Нысан жақында ел игілігіне табысталады.

Өткен жылы қазан айында Қызылорда қаласында «Үстел теннисі» орталығы пайдалануға берілді. «Қызылорда Арена», дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылыстары жүргізілуде. Соңғы үш жылда облыста 19 спорт кешені салынып, іске қосылды.

ТӨРТ АЙДЫҢ ӨСІМІ

Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері талқыланған мәжіліс өтіп, оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Басқосудан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

– «Жеке инвестиция көлемін ұлғайтуда ірі жобаларды іске асыру үшін бюджеттен тыс көздерден инвестиция тартуды күшейтіңіздер. Мұнай өндіру саласындағы жағдай күрделі. Дегенмен, өсімнің қосымша көздерін іздестіру қажет. Мұнай-газдан басқа әлеуеті жоғары салаларды айқындап, инвестиция тарту, жұмыс орындарын ашу, табыс көзін арттыру шараларын ұйымдастырыңыздар.

Әр жобаны жеке бақылауға алып, туындаған мәселелерін қолданыстағы заңнама аясында шешу керек. Іске асырылу сатысындағы жобаны «қолмен басқаруға» алыңыздар. Басталған жобаларды аяғына дейін жеткізу, жаңаларының құрылысын бастау, проблемалық мәселелерін шешу, мемлекеттік қолдау шараларын көрсету арқылы өңірде кәсіпкерлікті дамытып, инвестиция көрсеткішінің жоспарын орындауымыз қажет.

Цифрлық платформаға енгізілген жобалардың Жол картасына сәйкес жұмыстардың мерзімінде орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырамын.

Оған «Қазақинвест» акционерлік қоғамының өңірлік филиалы, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлік палатасы белсенді қатысуы талап етіледі. Инвестиция тарту индикаторының толық орындалуын қамтамасыз етіңіздер», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

2025 жылдың 4 айында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында өсім қалыптасты. Өнеркәсіп өндірісі 2,3 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 23,6 пайыз, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,3 пайыз, тартылған инвестициялар 15,3 пайыз, пайдалануға берілген тұрғын үйлер 3,4 пайыз, құрылыс жұмыстары 65,5 пайыз артты. Нәтижесінде қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіш 105,5 пайыз болды.

“ЫСЫРАПШЫЛДЫҚҚА, ДАҢҒАЗАЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ”

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Үкімет отырысында талқыланған оқу жылының аяқталуы, каникул кезінде оқушылардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері бойынша жыын өтті.

Аймақ басшысы жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

– «Үкімет басшысы мәселенің маңыздылығын ерекше атап өтіп, осы бағыттағы жұмысты сапалы ұйымдастыруды тапсырды.

Білім басқармасының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – оқу жылын сәтті аяқтау, қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, балалардың жазғы демалысын сапалы ұйымдастыру. Бұдан бөлек, бітіруші түлектерге арналған салтанатты шара жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек. Іс-шарада оқушылардың жыл бойғы жетістіктері мен қоғамдық белсенділігі кеңінен насихатталып, марапатталуы қажет.

Дегенмен, ысырапшылыққа, даңғазалыққа жол берілмеуі тиіс. Жас жеткіншектерімізді бүгіннен бастап ұқыптылыққа, қарапайымдылыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеуіміз керек. Білім саласында

сапаны қамтамасыз ету департаментіне облыстық білім басқармасымен бірлесіп, аниматор, мерекелік агенттік, жеке студия тарту, мерекелік дастархан ұйымдастыру, мектеп әкімшілігі мен ұжымына сыйлыққа қаражат жинау сияқты ысырышшылықты болдырмау үшін қатаң шаралар қабылдауды тапсырамын.

Облыстық полиция департаменті соңғы қоңырау, аттестат табыстау өтетін күндері білім беру ұйымдары аумағында тұрақты кезекшілік ұйымдастырып, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау шараларын күшейтіңіздер. Оқушылардың жалға берілетін автокөлікпен экскурсия, кортеж ұйымдастыруының алдын алу қажет. Бұл жұмыстарға қала, аудан әкімдері де жауапты. Жұмысты бірлесіп ұйымдастырыңыздар. Балалардың қауіпсіздігін сақтау – біздің негізгі міндетіміз», – деді Н.Нәлібаев.

Ұлттық бірыңғай тестілеу 16 мамыр мен 4 шілде аралығында Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Жаңақорған аудандарындағы тестілеу пункттерінде өтеді.

Облыс әкімі осы күндері тест тапсырушылардың ата-аналары, туған-туыстары орталыққа кептеп баратындықтан, дайын-

дықты алдын-ала ескеруді жүктеді. Шатыр тігіп, биотуалет орнатып, тұрғындарға жайлы жағдай жасау керек.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментіне соңғы қоңырау, аттестат табыстау, тестілеу өтетін күндері төтенше жағдай, оқыс оқиға орын алмауын қамтамасыз ету тапсырылды.

Денешынықтыру және спорт, мәдениет басқармаларына, қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, өңіріміздегі спорт ұйымдарында, денешынықтыру-сауықтыру кешендерінде, театр, музей, өнер мектептерінде балалардың бос уақытын тиімді өткізудің жоспарын әзірлеп, тиісті шаралар ұйымдастыру міндеттелді.

Балалардың жазғы лагерін ұйымдастыру бойынша да жұмыстар айқындалды. «Жазғы демалыспен қамтылатын балалардың жолдағы қауіпсіздігін қатаң бақылауда ұстау қажет. Балаларды жеткізу кезінде міндетті түрде жол-патрульдік полиция қызметкерлері сүйемелдеуі тиіс. Жауапты инспекторларды бекітіңіздер», – деді Н.Нәлібаев.

Жыын соңында балалардың су айдында-рындағы қауіпсіздігін қатаң бақылауда ұстау бойынша да тапсырма берілді.

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

АЙТЫС – МӘНГІЛІК КИЕЛІ МҰРАМЫЗ

Қызылордадағы «Өнер орталығында» «Үш дәуірдің астанасы – Қызылорда» атты республикалық ақындар айтысы өтті. Айтысқа Қазақстанның Еңбек Ері, Кеңес Одағының, Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімов, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, журналист, әдебиеттанушы,

қазылар алқасының төрағасы Сауытбек Абдрахманов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман бастаған өнер жанашырлары қатысты. Жыр додасын Парламент Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы Аманжол Өлтай жүргізді. Ашылу рәсімінде аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев қатысушыларға сәттілік тіледі.

– «Биыл – еліміз, өңіріміз үшін мерей-тойлар жылы! Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы кең көлемде аталып өтуде. Бұл мерейлі даталардың ұлт тарихында алар өзіндік орны мен маңызы зор. Сыр өңіріндегі айтулы шаралар мыңжылдық асыл мұрамыз айтыспен басталуда. Мемлекет басшымыз

бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша бағасын берген еді.

Өздеріңізге белгілі Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда келесі 5-ші отырысты Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған

Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты.

Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті.

Бұл – біз үшін зор мәртебе, Президентіміздіңөңірімізде атқарылған жұмыстарға берген оң бағасы деп білеміз.

Сыр топырағынан түлеген ақындарымыз айтыс өнерін дамытуға үлкен үлес қосуда. Өйткені, айтыс – мәңгілік киелі мұрамыз!

Бүгінгі сөз додасына келген жүйріктерге ел рухын асқақтатудағы елеулі еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын.



"ТҰЛҒАСЫҢ, ТУҒАН ЕЛГЕ

ӨРШІЛ ҚЫЗДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ІСТЕРІ КӨП ЕДІ...

Зымырап күндер, аяңдап айлар, жылжып жылдар тоқтаусыз өтіп жатты..., өйткені уақыт тоқтамайды, ол – табиғи заңдылық. Өмір – өзен деген осы. Міне-ки, осынау шағын естелікке арқау, басты кейіпкер болып отырған Алмагүл Божанқызының өмірден озып, келместің кемесіне мініп, қайтпас сапарға аттанғанына да жылдың жүзі болып қалыпты.

1983 жылы Алмагүл Тереңөзек аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып сайланды да, біздің алғашқы таныстығымыз, кейін ағалы-қарындастай жақын сыйлас-тығымыз сол жылдардан бастау алды.

Ол кездері мен облыстық партия комитетінің құқық қорғау, қорғаныс сала-сына жетекшілік ететін бөлімнің басшысы болатынмын. Сол себепті қоғамдық тәртіпті нығайту, заң талаптарын насихаттау, жасөспірімдер тәрбиесі сияқты мәселелер бойынша Алмагүлмен тығыз байланыста болдық, әрі сол кездерден бастап Алмагүлдің өмір жолдары мен өсу жылдары көз алдыма өтті.

Ағарту саласында, партия жұмысында мол тәжірибе жинап, шындалған Алмагүл халық депутаттары аудандық Кеңесі атқару комитетінің тізгінін ұстап, аудан халқының мәдени-экономикалық ахуалын жақсартуға сүбелі үлес қосты. Бұл қызмет оның ауданның бірінші басшылығына барар жолдағы бақытты баспалдақ болды. Тарихымыздан белгілі, 1991 жылдың көктемінде барлық деңгейдегі атқару комитеттері таратылып, олардың өкілеттіктері парткомдарға беріліп, кешегі төрағалар жұмысыз қалды ғой. Солардың бірі – біздің Алмагүл еді. Сол жылдың мамыр айында ел арасында

іскерлігімен, зор ұйымдастыру қабілетімен атағы кең тараған айтулы азамат Ибрагим Әбибуллаев Жаңақорған ауданының бірінші хатшысы, әрі әкімшілік басшысы болып сайланды. Сайлаудан соң көзінің тірісінде «Сыр абызы» атанған Сейілбек Шаухаманов ағамыз: «Қорғанбек, сен осы жерден Тереңөзекке тарт, қалаға аялдама. Ана Алманы облысқа қызметке шақырсам «туған жерімді, елімді тастап, ешқайда бармаймын», деп келіспеді. Сонан мен ауданға барған бойда түнімен жұмыс жүргізіп, аудандық партия комитетінің мүшелері, аудандық Кеңес депутаттары түгел хабарланып, ертеңіне пленум, сессия өткізіліп, Ж.Ердешбаевтың орынбасары басқа қызметке ауыстырылып, орнына Алмагүл сайланды. Бірақ ол бұл қызметте ұзақ отырған жоқ, 1992 жылы ел басқару жүйесі өзгертіліп, аудан, қала, облыс басшылығына әкімдер келген тұста бүкіл Қазақстан бойынша қазақ қыздарынан аудан әкімі болған үш қыздың бірі – біздің Алмагүл еді. «Болат кездік қап түбінде жатпайды» деген осы болса керек.

Алмагүлдің ауданға бірінші басшылық қадамы ең ауыр кезеңге, «КСРО» деген алып мемлекеттің ыдырап, 70 жыл бойы сүттей ұйып отырған ел ала тайдай бүлініп жатқан алмағайып кезеңге тұспа-тұс келді ғой. Кеңестік дәуірде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық қатынас үзіліп, шаруа шайқалды, халық күйзелді. «Жабайы» жекешелеңдірудің салдарынан қоғамдық мал-мүлік, техника талап-таражға түсті, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті.

Бірақ Алмагүл еш мойымады, қазақтың өр мінезді қыздарына тән өршілдігімен, қайсарлығымен сол қиындықтарға қасқая

қарсы тұрды. Аудан халқын шашыратпай, жаңа заманның жаңа талабына сай бейімдеп, топтастырып, тіршіліктің жаңа түрлерін игерудің ұйытқысы, тынымсыз да шебер ұйымдастырушысы болды. Сол жылдары халық арасында «Әкім бол – халқыңа жақын бол» деген қанатты сөз кең тарайды. Мағынасы ұранға пара-пар осынау өсиет-талапты Алмагүл ту етіп ұстады, халқына жақын ғана емес, қамқоршысы, қорғаушысы бола білді. Соның үшін де аудан жұртшылығы әкім қыздарының абыройын асқақтатып, ерекше құрметтеді. Қызмет аясында, жайшылық уақыттарда жиірек араласқан біздер бұл жағдайларды жақсы білеміз, білгесін айтып отырмыз.

Алмагүл бір ауданда табан аудармай жеті жыл әкім болды, бірақ ешуақытта биік лауазымға мастанып, «менмін» деп кеуде қаққан жоқ. «Ұлық болсаң – кішік бол» деген қағидадан еш айнымай, сол өзінің жаратылысына біткен қарапайым да тұрашыл, кішіпейіл болмысына көлеңке түсірмей өтті.

Кейін ауданға аудан қосылып, халық саны, жұмыс ауқымы еселеп артып, кешегі Тереңөзек ауданы «Сырдария» ауданы болып қайта құрылғанда да Алмагүл жоғарыда айтылған адами қасиеттерден тайған жоқ.

Топырағың торқа, жаның жәннатта, жайың пейіштің төрінде болсын «Қайсар қыз».

Қорғанбек ҚАЙРОЛЛАҰЛЫ, Қазақстанның облыс сңірген қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы

БОЖАНОВА – ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Халқына қалтқысыз еңбек етіп, туған жерінің көркеюіне бар күш-жігерін арнаған азаматтар тарих бетінде алтын әріптермен жазылары сөзсіз. Солардың бірі – елге жанашыр, қоғам қайраткері Алмагүл Божанова. Оның өмірі мен қызметі – туған жерге деген шексіз сүйіспеншіліктің, халық игілігі үшін аянбай еңбек етудің жарқын үлгісі.

Алмагүл Божанова туған өлкесі Сыр өңіріне ерекше сүйіспеншілікпен қарады. Ол бұл жердің табиғатына, өсімдіктер әлеміне, өзен-көліне, дарқан даласына бала күнінен ғашық болып өсті. Табиғатқа деген көзқарасы да өзгеше болатын – тек тамашалаушы ғана емес, оны шын қадірлей білетін жан еді.

Оның сүйікті маусымдарының бірі – көктем мен жаздың арасы, Сыр бойындағы өсімдіктердің ерекше гүлдейтін шағы болатын. Басқа аймақтарда сирек кездесетін құбылыс – жыңғылдың жылына екі рет гүлдеуі оны ерекше қуанышқа бөлейтін. Алмагүл үшін туған жердің табиғаты, оның қарапайым өсімдіктері, ең асыл гүлдерден де артық еді.

Өсіресе, ол жантақтың жұпар иісті гүлін, шеңгелдің нәзік гүлін, жиденің ерекше хош иісін ерекше бағалайтын. Тікенекті болғанына қарамастан, бұл өсімдіктердің табиғатқа әсемдік сыйлайтынын терең түсінетін. Ол жиденің гүлін өлемдегі ең әдемі гүлдердің бірі деп санайтын және оны тікени бар роза гүлінен артық көретін. Оның пікірінше, сұлу болу үшін жылтырлық, немесе жасанды әсемдік емес, табиғаттың өз сұлулығы жеткілікті.

Ұстаздық қызметтен кейін Алмагүл Божанова Тереңөзек аудандық комсомол комитетінде жетекшілік қызмет атқара бастады. Жас болса да, іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, аудан жастарын елдік мүдде жолында біріктіруге күш салды. Кейін аудандық партия комитетінде хатшы, халық депутаттары аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрайымы қызметтерін атқарды.

1992 жылы аудан әкімі болып тағайындалған Алмагүл Божанова бұл жауапты қызметті де үлкен абыроймен атқарды.

Оның басшылығы кезінде ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарды, тұрғындардың тұрмыс сапасын көтеруге бағытталған маңызды жобалар іске асырылды. Ауданның инфрақұрылымы дамып, ауылшаруашылық саласына жаңа серпін берілді.

Алмагүл Божанова табиғатынан батыл, қайсар тұлға еді. Ол кез-келген мәселеде өзіндік ұстанымы бар, әділ, әрі шешімді тез қабылдай алатын басшы болды. Оның ел алдындағы сөздері мен баяндамалары халыққа ерекше әсер ететін. Оның шешендігі көпшілікке жігер беріп, ел игілігі үшін еңбек етуге шабыттандыратын.

Замандастары оның бұл қасиеттерін Қызылорда облысын басқарған белгілі тұлға Сейілбек Шаухамановтың шешендігімен салыстырды. Халық арасында Алмагүл Божанова «қыздардың Шаухамановы» деген ерекше бағаға ие болды. Бұл оның қоғамдағы беделінің, шешендік қабілетінің, басшылықтағы тәжірибесінің жоғары болғанын көрсетеді.

Зейнетке шыққаннан кейін де Алмагүл Божанова қоғамдық жұмыстардан қол үзген жоқ. Ол облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» атты қоғамдық бірлестік құрып, жастар тәрбиесімен белсенді айналысты. Бұл ұйымның басты мақсаты – жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеп, олардың бойына патриотизм мен адамгершілік қасиеттерін сіңіру болды. Ол жастарға өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, елге қызмет етудің маңыздылығын үнемі насихаттап отырды.

Алмагүл Божанованың ел үшін атқарған еңбегі елеусіз қалған жоқ. Оның мемлекет алдындағы сіңірген қызметі жоғары бағаланып, бірнеше мәрте мемлекеттік марапаттарға ие болды. Рухыңыз пейіште шалқысын, асыл жан!

Ибрагим Сражадинұлы АБИБУЛЛАЕВ, Қызылорда қаласының, Жаңақорған, Шиелі, Сырдария аудандарының, Қызылорда облысының Құрметті азаматы

ӨЛМЕЙТІН ҒҰМЫРЫ БАСТАЛДЫ

Алмагүл десе, тәуелсіздік алған жылдардың қиын кезеңіндері еске түседі. Ол біріншіден, еліміз бойынша аудан басқарған алғашқы әйел әкім, екіншіден, басшылыққа әбден пісіп-жетіліп жеткен жан. Мектеп директоры, одан соң Тереңөзек аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аудандық партия комитетінің хатшысы, аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған.

1992-1999 жылдары Сырдария ауданының әкімі болды. Мұнан әрі облыстық мәслихат хатшысы болып қызмет атқарды.

Бұл деректерді қайталап жатудың көп қажеті бола қоймас.

Алмагүл Божанқызы аудан басқарып тұрған кезеңде ірі шаруашылықтардың тарап кетпеуіне бірден бір себепкер бола білді. Бұл жолда батылдық ғана емес, батырлық та керек еді. Сондай батырлық әйел заты болса да Алмагүлдің бойынан табылды. Төрттағандай табандылығы, ерік-жігері, қайсарлығы таразы басына түсіп, нәтижелі істерімен абыройға ие болды. Ол кісінің аудан көлемінде қалдырған жақсы істері мен айқын қолтанбасын халық жақсы біледі.

Алмагүлдің басты қасиеттерінің бірі өте ыждаһатты, ықтиятты адам.

Сыр елінің белгілі тұлғалары, қоғамдық-саяси ахуал, жалпы өмір туралы толғаныстарын қағаз бетіне түсіріп, бірнеше кітап жазып шығарды. «Ердің бағын жандырған Ер Балдырған», «Сыр елім – Жерұйығым», «Сенім жүгі», «Аңыз, абыз адам», «Құдірет пен қасиет», «Көпір», «Сырым мен шыным», «Ғасыр үні» аталатын кітаптарын білемін. Соларды оқып та шықтым.

Бұл кітаптар Тереңөзектің, жалпы Сыр өңірінің тарихы, энциклопедиясы секілді, зер салып қарасаңыз, сонау кенестік дәуірде аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болғаннан бастап жарты ғасыр бойғы материалдарды, құнды деректерді жинағандығы аңғарылады. Мұндай мәліметтердің кейбірін қырағаттап отырып мұрағаттардан іздеуге тура келеді. Ал, оны Алмагүл қолға ұстатып тұр. Мұндай ыждаһаттылық пен жи-найылық туған жер тарихына деген аса үлкен жауаптылықты көрсетеді. Өткен күннің дерегін шашау шығармай жинап, қаттау бір жұмыс, оны көз-майын тауысып қағазға түсірудің өз азабы тағы бар. Алмагүлдің осының екеуін де игеруі үлкен іс, үлгілі іс. Ол Қазақстан Журналистер одағы мүшесі болды. Білмеген адамдар бұрынғы партия қызметкерлері де одақ мүшелігіне өтіп алыпты деп айтады, естідік те. Ал, Алмагүлдің сол одаққа нағыз лайық жан екенін өз басым мойындаймын. Ол кісі газетке де көптеген мақала жазып, шығарып тұратын. Мен мынаны істедім, ананы жасадым деген әңгіме емес, тақырыптары ұрпақ тәрбиесін көбірек қамтитын.

Кешегі өтпелі кезеңнің күрделі жағдайын еңсеру кезінде көптеген қиыншылық кезікті. Осы тұста идеологиялық жұмыстың осалдығынан жастар арасындағы тәрбие тінін босаңсытып алдық. Батыстық ағымдарға еліктеген жастар ұлттық құндылықтардан қағажу қалды, мейірімсіздік белен ала бастады. Осы кезде бұрынғы қоғамда комсомол, партия, кеңес, органдарында қызмет атқарған

Алмагүл Божанқызы жастар тәрбиесіне араласудың қажеттігін сезінді. Сондықтан 2011 жылы облыс-тық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігін құруға бастамашы болды. Сол арқылы жастардың санасына әсер ететін қаншама құнды дүниелер жасауға тырысты.

Қоғамдық бірлестік облысымыздың тұрғындары мен жастарын жоғарғы азаматтық позицияларға, қоғамдық белсенділікке, шынайы отансүйгіштікке және ұрпақтар сабақтастығын жандандыруға ықпал етті. Облыс аймағында көптеген оқу орындарымен, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен, басқа да бірлестіктің жұмыс барысы мен мазмұнына сәйкес келетін мекемелермен қарым-қатынас орнатып, әлеуметтік-экономикалық реформалар мен жастар саясатының іске асырылуы тұрғысында, өлкенің тарихи мұрасын зерттеу ісіне көп пайдалы жұмыстар атқарды.

Мұның бәрі жалғасын табатын жақсы іс ретінде баспасөз бен құжат беттерінде сайрап жатыр. Божанқызының жазған кітаптары да, атқарған қоғамдық жұмыстары да Сыр өңірі руханиятындағы атаулы еңбек. Ол тарихи таным мен ұрпақтар сабақстатығының дамуына үлкен үлес қосты.

«Ұлық болсаң, кішік бол» деген дана халқымыздың нақылы Алмагүл сияқты абзал жанның болмыс-бейнесін баршаға паш еткендей. Саналы ғұмырын туған еліне адал қызмет жасауға арнаған, елі ардақтаған Алмагүл Божанова өмірдегі қарапайымдылық пен қаһарман істердің эталонындай ерекше жаралған жан еді.

Аулуы жанның өмірден өткеніне көп болмаса да Сыр елі, туған халқы әрқашан іздеп, еске алу, кездесулер ұйымдастырып келеді. Мұның өзі Алмагүл Божанқызының өлмейтін екінші өмірінің басталғанын анық ұқтырады.

Алмагүл Божанқызы «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қызылорда облысының және Сырдария ауданының Құрметті азаматы атақтарына лайық болды. Ал, оның ең басты марапаты – халық ықыласы, елдің сағына іздеп жатқан ерекше пейілі.

Мұндай абыройға адам еңбегімен, елсүйгіштігімен, ерен туған болмыс байлығымен ғана жете ала керек.

Бекмырза ЕЛАМАНОВ, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, Сенаторлар кеңесінің мүшесі

ОНЫҢ ӘЛЕМІ – ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ КЕҢІСТІК

Алма Божанқызын білгенімізге де елу бес жылдың белесінен аттаған екенбіз. Облыстың комсомол – жастар ұйымдарын басқарған уақыттан бастап бірге болдық. Комсомол біздің өмірімізде азамат болып қалыптасуымызға, елді танып, білуімізге, тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешудегі түйінді кедергілерді анықтауға, халқымыздың өткені мен болашағын бағдарлап білуге, мемлекетімізді нығайтудың негізін аяқпандауға, тұрақты өмірлік саяси көзқарасымызды қалыптастыруға, біз өмір сүрген қоғамның қай формациясы болмасын тек адамға қызмет жасау үлгісін зерделей білуге, оны өмірге енгізуге, ұлттық намысымызды оятуға негіз қалаған кең ауылдық өмір мектебі болды.

Ал, осы қасиеттердің адам бойында қалыптасуы да туған жер топырағының киелігінде жатса керек. Ауданның жастар ұйымын басқарып, саяси жұмыстардың сан – қырлы әдістерін меңгерген Абылай Хангерейұлы Айдоосовтың, Сейілбек Шаухамановтың, Алма Божановалардың кейінгі қызмет дәрежелері бүкіл Сыр бойына аян. Ел арасында Тереңөзек өңірінің халқы ауызбіршілігі мол, бір мақсатта еңбек еткен аудан, ауыл басшыларына бірдей қарайтын, бөлектенуді өзгеше де, өздеріне де тілемеітін, еңбектен ғана нәпақасын тапқан, жерді аялап қана қоймай, оның берерін өз игіліктеріне жарата білген қазақтың үш жүзінің, орны бөлек қожалардың басын қосқан қасиетті аймақ болғанын бүкіл ел біледі. Сондықтан да болар Алма Божанқызының өмір жолының, алған тәрбиесінің басқаша болуы мүмкін емес еді.

Өмір жұмымызда Алмагүлмен әріптестігіміз облыстың мемлекеттік құрылымдарының әртүрлі салаларында әрмен қарай жалғасын тапты. Қоғамда болып жатқан өзгерістердің барлығына да куәгер болдық. Жетістіктерімізге қуандық, жіберілген кемшіліктерімізге күйіндік. Біздер, барлық уақытта болашаққа деген сеніміміз жоғалмаған, ұрпақтар

сабақтастығын жалғастыруға аға буын өкілдерінің, замандастарымыздың өнегелі істерін кейінгі ұрпаққа жеткізуге бар өмірлік тәжірибемізді пайдаландық.

Алмагүл замандасылықпен ерекше қасиеті: өзінің туған жеріне қатысты мәселелерді шешуде табандылық көрсете білуі, оларды ел игілігіне айналдыруда қолда бар мүмкіншіліктер тімінді пайдалана білуі, әділеттік атаулыны өзіне жан серік етіп таңдап алуы, қызмет атауының елінің жақсы өмір сүруіне арнаған перзенттік міндеті екенін басқаларға үлгі ете білуі еді.

Осылардың айғағы ретінде өзінің туғандық-да балабақша менгерушілігінен бастап ауданның комсомол комитетінің бірінші хатшысы, мектеп директоры, аудандық партия комитетінің хатшысы, аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы, аудан әкімі болып табаны күректей қырық жылға жуық абыройлы қызмет атқару тек қана Алмагүл Божанқызына артылған жоғарғы биіктің де, халқының да жоғары сенімінде жатыр еді. Мен жоғарыда атап көрсеткен облыстың адал перзенттеріне тән қызмет жасаған Абылай Хангерейұлының, Сейілбек Шаухаманұлының бастап берген жастар эстафетасының туын облыстық дәрежедегі жоғары лауазым орнтағына дейін жеткізген Алмагүл Божанқызы еді. Облыстағы жоғарғы өкілетті орган – мәслихаттың хатшысы болып сайлануы Алмагүл Божанқызына бұрыннан да бетер жауапкершілік жүгін жүктеді. Бәріміз де сол уақыттың куәгері болғанымыз шыныдқ. Бұрыннан қалыптасқан өмірлік тәжірибесін жаңа заманға лайықтап жетілдіру отырып, облыс тұрғындарының әлеуметтік жағдайларын жақсарту жолдарын іздегісүде облыс әкімшілігімен бірлесіп отырып облыстық мәслихат депутаттарының белсенді қолдауына сүйенген Алмагүл Божанқызының ұйымдастыру қабілетінің ашылуына себепші болған оның «Отан» республикалық саяси партиясының филиалы төрағасы болып сайлануында да жатыр еді. Бұрынғы комсомол, партия жұмыстарында әріптес болған

достар, менің жанадан құрылған партияның облыстық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқаруыма тура келді.

Шындығында, сәл шегініс жасасақ, ел тағдырындағы жетекші партияның рөлі төмендеп, оның ұйымдастырушылық қабілетінен айырылуы, идеялық біріктіріл болмауы, шынын айтқанда қазақтың мына мақалына сай «Балапан басына, тұрмтай тұсына» дегендей болып шыққан заман ғой. Содан өмірге неше түрлі пікірлер келді, ағымдар пайда болды, өткеннің көлеңкелі жақтарын теріс жағынан көбірек насихаттап, халық арасындағы тәрбие жұмысының өз бетімен кетуіне негіз қалағандай болған – ды.

Осы ретте бірде – бір саяси қайраткер де, қарапайым қоғам мүшесі де өткен кезеңде қалыптасқан жағдайға жауап бермейтіндей сезінді. Сондай – ақ жаңа егеменді мемлекетіміздің негізін қалауға, оның экономикалық қуатын арттыруға, идеялық бірлігін қалыптастыруға табандылық жетіспеді, бір сөзбен айтқанда тарихты бұрмалауға әділетсіздік те болмай қаламады. Сондықтан да болар қалың бұқара арасында болашаққа сенімділік көзқарастан гөрі, түсінбеушілік ұғым етек алды, кімді қалай түсінеміз деген сауалға жауап іздеумен келді, ал, қоғам болса мұхит үстінде ескексіз қалған қайыққа ұқсады. Бағыт, мақсат айқындалғанымен, оның қозғаушы күштері әртүрлі ағымдағы партиялар демократия ұғымын желеу етіп, өз бетінше қимыл жасады, жан – жаққа тартқылады. Ортақ мақсат үшін – қазақ елінің егемендігін негіздеуге, экономикалық қуатын арттыруға, халықтар достығын, ынтымағын баянды етуге жайбарқақтылық байқалды. Итұымызды керек, осы уақыттарда жаңа партияның облыстағы ролін нығайтуға Алмагүл Божанқызымен бірге дамылсыз жұмыс істеуге тура келді. Бұл – өмір шындығы. Сол уақыт кезеңінде жанында болған азаматтар жақсы біледі. Шынайы бағасын беретін де уақыт екенін білеміз.

Бүгінгі күні Алмагүл Божанқызының өмір жолдарының бір ғана кезеңінен естелік айтумен қатар, оның өнегелі жолын ескеден ұрпаққа жеткізу міндетін алға қойғанбыз. Осы мақсатта зейнеткерлікке шыққаннан кейін «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестік құрып, осы істердің басы – қасында болған Алмагүлдің еңбегі ұшан-теңіз. Елге, қоғамға қызмет жасаудың үлгісін көрсетті. Өзі туралы, өзгелер туралы көзбен көргендерімен қатар, естіген әңгімелерін ұрпақ санасына сіңіруге барынша күш-қайратын аяған жан. Өмір сүрген соңғы жылдарының әрбір күнін ескерусіз қалдырмай күнделік жазды. Баспадан кітаптар етіп шығарды. Өткен өмір жолына өз әріптестерінің, замандастарының алдында Сыр бойының азаматы ретінде есеп берді. Ерекше тұрғыда есеп берді. Өзінің артына өшпес мұра қалдырды. Өзі тұрған үйіне өзі туралы, замандас – әріптестері туралы музей ұйымдастырып, салтанатты жағдайда өз дастарханының басында Сырдария ауданының әкімі Берік Сарменбаев мырзаға табыстады. «Ешқандай қайтарымсыз дүние деп қабылданыз» деді. Өмірінің соңғы аптасының бір күні де бос болған жоқ. Есеп берді, достарымен жүз-десіп, сырласты, телефонмен де хабарласты, шаршағанын білдірмеді. Бұрынғысына жайдарлы көңілімен, әзіл сөздерімен, өз қатарластарына аманат ретінде көпшілікке ой салатындай тілек айтты. Бойынан тіршіліктің қуаты кеткенше көз жанарынан жалынды жастықтың сәулесі нұр шашып тұрғандай болды. Қазақтың қайсар қызына тән мінез көрсетіп, бұл жарық дүниедегі өмірмен қоштасудың да үлгісін көрсеткен ерекше жан болып біздің қазымызда мәңгілікке сақталады.

Иманды болсын!

Сайлаубай ӘБІШҰЛЫ, «Қазақстан Республикасының алтын жұлдызы» атты төс белгісінің иегері, облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

НАМЫСЫ ҮЛГІ"

Күнделік беттерінен

"ӘУЛЕТІМ - ТІРЕГІМ"...

17 сәуір 2001 жыл.

Бүгін білім беру заңының облыс көлемінде орындалу барысымен айналыстым. Заңды қайтадан оқып шығуға тура келді. Осы тақырыппен сессияға дайындық жүріп жатыр. Мен өзім он мектепті аралап шықтым. Оптимизация деген желеумен саланың жұмысын осалдатып жібергеніміз байқалып-ақ тұр. Әсіресе материалдық база, құрал-жабдықтар ескірген, көп жылдардан бері жаңартылмаған. Жаңақорған ауданынан Талап ауылынан №54 мектептің жағдайы туралы жазып, мектеп үйін суретке түсіріп салып жіберіпті, облыс әкімінің орынбасары Н.Ерімбетовке финанс басқармасының бастығы Әжібековке көмектесу жөнінде хат жолданды.

16.01.2003 жыл.

Тиісті жұмыстарды атқарғаннан кейін облыстық мәслихат депутаты Б.Мусаев екеуіміз Шіркейлі ауылына барып қайттық. Алдымен мектептің спорт залын жөндеп беру үшін қанша қаржы керектігін мамандарға есептеттік. Артынан Зарлықтың қырық күндігін беріп жатыр екен, көңіл білдірдік. Өтіп бара жатқан өмір-ай десейші. Кеше ғана жарқырап жүрген жігіт еді. Осы жігіт ауылдағы серіктестіктің төрағасы болып жұмыс атқарған кездегі жұмыстар көз алдымнан өтіп жатты. Көп жылдардан бері білсем де оның нағыз азамат екенін, алып денесіне қарамай жүрегінің нәзік екенін, ұйымдастырушылық қабілетін осы төраға кезінде танып едім. Өмірі қысқа болды, өкінішті-ақ. Түстен кейін іскер жігіт Абзал Ералиевті қабылдадым. Илиясов ауылына, өзінің туған жеріне инвестор болғысы келген екен, қазіргі істеп жүрген төраға қабылдамапты. Қашан күншілдіктен арылып, көзіміз ашылар екен.

17.01.2003 жыл.

Бүгін барлық аудандардың әкім-шіліктері мен мәслихаттарымен хабарласып шықтым.

1) Алдағы су шаруашылығы туралы өтетін сессия туралы.

2) Алдағы болатын жергілікті мәслихаттардың сайлауы туралы.

3) Аудан мәслихаттары хатшыларының семинары туралы келістік.

Түскі үзілісте Базарқұл апам екеуіміз Мараттың үйіне бардық, жаңа жылдың басында үйден дәм татындар деп үйге шақырған болатын. Үйді жап-жақсы етіп жөндеп алыпты, әр нәрсе өз орнында жарасып тұр. Үйде Витя мен Шолпан бар екен, басымыз қосылып қалды. Медет пен Мәди мен үшін өте сүйкімді балалар ғой. Дүниеден көп қызық көре алмай ерте өтіп кеткен сүйікті ағам Әбдіхалықтың балаларының осылай шүйіркелесіп отырғанына қуанып қалдым. Осыларды өсіруге көп еңбегім сіңіп еді, адам болса болды, маған басқа ешнәрсе керек емес.

18.01.2003 жыл.

Бүгін Тереңөзекке келдім. Апта-сына бір рет осында келмесем жағдайым болмай қалады. Бүкіл өмірім осында өткендіктен, осында келсем кеудемді керіп демаламын, бұрынғы қызметтестеріммен, достарыммен армансыз әңгімелесемін. Мұнда тіршілік те көп, уақыттың қалай өтіп кеткенін де білмей қаламын. Гаухар келді, балаларына көп нәрсе жетіспейді, қиыншылық көріп жүр. Қолдан келгенше көмектесіп жатырмын. Әбекеңнен қалған төрт баланың үшіншісі, өмірі қиындау болып келеді, балалары өскен соң қызық көрсе екен деймін.

5.11.2004 жыл.

Алматыда «Сағынш» атты концертке бардық. (Бибайша жолдасымен, Қатира, Айғайша жолдас қызымен) 60-70 жылдардың (біздің жастық шағымыздың) әндері. Н.Өнербаев жүргізді. Т.Молдағалиев, Е.Хасанғалиев, Н.Нүсіпжановтар болды. Бірақ орындаушылар жас әншілер. Көрермендер көп жиналған. Бірде-бір бос орын жоқ, бәрі де өздерінің жастығын, сол кездердің куәсіндей әндерді сағынып қалған секілді. Бірақ кештің авторлары осындай өте бір құнды дүниенің өзінен елдің көңілінен шығып, жан-дүниесін қозғаудан гөрі, пайда табуды көбірек ойлаған тәрізді, оған дәлел ретінде көп мысал айтуға болар еді, бірақ қажеті жоқ, көңілде-ақ қалсын. Осы әндерді бірінші орындаған әншілердің көзі тірілерін сахнаға шығаруға болатын еді.

7.11.2004 жыл.

Елден бірінші рет шығуым 1960 жылы жетіжылдық мектепті бітіріп, Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педучилищеге оқуға түсуім болды. Сол кездегі шағын мектеп, шағын ауылда өсекте те, оқуға деген ұмтылысымыз, білімге құштарлығымыз, өз деңгейімізге сай ізденімпаздығымыз үлкен қалаларда оқып келгендерден

бірде-бір кем болған жоқ. Соның бәрі бізді оқытқан ұстаздарымыздың арқасы.

Түймебай Айтбаев – мектеп директоры, тарих пәнінің мұғалімі. Наурызбаев Алматы – оқу ісінің меңгерушісі, орыс тілі пәнінің мұғалімі. Бұл екеуі де қазір өмірде жоқ, бірақ артында өлмес із қалдырған адамдар. Ұстазымыз Түймебай Айтбаев бізді еңбексүйгіштікке, ыждағаттылыққа, шыдамдылыққа, сыпайылыққа үйретті, кейін бұл кісіден үйренген қасиеттеріміз өмірде талай керек болды. Алматы Наурызбаев ұстазымыз орыс тілі мен әдебиетін үйретуде, оның ішінде орыс классиктері еңбектерімен таныстыруда теңдесі жоқ еңбек жасады. Кейін менің ұстаздық мамандық таңдауыма, оның ішінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болуыма бұл кісінің ықпалы болды.

20. 08. 2004 жыл.

Артқа қарап, өткен өмірді бір шолып өтіп,не атқарылды, қалай болды деп көп ойланатын болдым, өзімнің тұстас, замандастарыма кейбір болған жайттар жөнінде айтсам, осының бәрін қағазға түсіру керек қой, кейінгі ұрпаққа өнеге етіп қалдыру керек деп ақыл айтады. Дұрыс шығар деп оқта-текте қолыма қалам алсам, түрлі жұмыстардың көлеңкесінде қалып қоя береді. Бүгін тәуекелге бел байлап бастап отырмын.

Мен 1946 жылы 14 мартта Тереңөзек ауданының Айнакөл деген елді мекенінде дүниеге келіппін. Ол жерден мен есімді білмей тұрғанда қоныс аударыппыз, сондықтан ел-жұрт қоныстанып отырған кезіндегі жағдайын кейін әке-шешемнің әңгімесінен білдім. Олардың айтуынша осы кішкентай ауыл тұрғындары бүкіл елдің басынан өткен қоғамдық, саяси оқиғалардың бәрін бастарынан кешіпті. Сол замандағы ұйымдастыру, алапат ашаршылық, байдың тұқымы деп, кулак деп көмлескелеу жүргізу, қуғын сүргінге ұшырату, аяғы Екінші дүниежүзілік соғыстың ұлы зардабына ұласты.

Менің әке-шешем өздерінің тұстастары «Айнакөл» ауылының тұрғындарымен бірге сол зұлматтардың бәрін бастарынан өткізген. Олардың өз ауыздарынан естіген хикаяттарды сөзбе-сөз баяндасаң, үлкен бір өз алдына шығарма болар еді. Менің әкем осы оқиғалардың бел ортасында жүрсе, шешем де отбасының тауқыметінен бастап туған-туыстың, құда-жекжаттың, бүкіл ауыл тұрғындарының көрген қиыншылықтарын өзі дүниеден өтіп кеткенше ұмытпай еске түсіріп, айтып отыратын. Ол кісінің бір қадап айтатыны, сондай аласапыран қиын кездің өзінде әкем екеуінің адамгершілікті сақтауға, ешкімнің ала жібін аттамауға, ешкімге қиянат жасамауға тырысқандары. Шешем Есенқараева Кенже Қармақшы ауданы, бұрынғы Октябрь қазіргі Іржікөл ауылында дүниеге келген. 14 жасында сол кездегі үрдіс бойынша менің әкеме ұзатылған. Өзі сенің әкең мені қалыңмал беріп алған деп отыратын. Сол кісінің айтуынша кейін бір жыл өткен соң әкесі келіп кеткен. Анамның айтуынша «Сені сағынып, көріп кетейін деп келдім, жол жүріп бара жатырмын деп басымнан сілады» дейді. Содан кейін анам әкесін де, туған бауырларын да көрмеген. Олар сол кездегі қуғын сүргін жағдайдың құрбаны болып кете барған. Әкем Божан өз заманының еңселі азаматы болған, ауылдық кеңесті басқарған, өз замандастарымен бірге елдің ауыртпалығын көтерген, серілеу, дүниеге қызықпаған, қолындағы барын үлестіруге бейім тұратын кісі болған. Шашы бұйра кісі екен, анамның ол кісінің көзін көргендердің айтуынша қаракөл құлақшын кигенде бұйра шашы қаракөлмен араласып кетеді екен. Жеңгелері жалпы ауыл адамдары «Бұйра бас» дейді екен. Әкесінің азан айтып қойған атынан гөрі өтірінің аяғына дейін «Бұйрабас» атының кетіпті. Бұл кісілер туралы түрлі халық арасында тарап кеткен аңыз әңгімелер көп. «Жаппас» руы қонақбай, мойнақ, жәдікбай, шағалақ т.б. болып бөлінеді. Топақ руынан әкемнің замандасы Өтеген деген кісі болған, ол кісі Айнакөл колхозының төрағасы болып қызмет атқарған. Менің әкем екеуінің арасындағы әзіл-оспақ әңгімелер осы уақытқа дейін айтылады. Бұл қызметті атқармай тұрған кезде, ертеректе екеуі мен далада атпен келе жатып кездесіп қалып жөн сұрасыпты. «Сем кімсің?» деген менің әкемнің сұрағына Өтеген: «Топақтың тапал тасымын» деп жауап беріпті. Өтеген тапал кісі екен. «Ал, сен кімсің?» деген Өтегеннің сұрағына менің әкем: «Шағалақтың бұйра басымын», - деп жауап беріпті.

Менің әкем ауылдық кеңестің төрағасы болғанымен Өтеген басқарма бастығы болған соң, дүние-мүлік соның қолында. Бірде бала-шағаның жағдайы қиын болған соң, әкем Өтегеннен бидай беруін сұрапты. Өтеген өтінішті

үндемей тыңдап, көпке дейін жауап бермепті. Әкем тұрып кетуге бет алғанда, «Жарайды бір пұт бидай бергізейін», депті. Есікке жақындап қалған әкем: “Өтеген, сен диуанамен көрші болған жоқ па едің” – деп шығып кетіпті. Халық арасында жиі айтылатын «Ақсұңқар, неге қонбайсың жайған торға» деп айтылатын ән бар, сол әнді менің әкем өзінше өңдеп, «Ақсұңқар, неге қонбайсың бұйра басқа» деп айтып жүреді екен. Менің де шашым табиғи бұйра болды, әсіресе жас кезімде шашым өте қалың, әрі бұйра болған соң, күту өте қиын болатын. Менің де жеңгелерім, құрдастарым әлі күнге дейін «Бұйра бас» деп атайды. Әкем мені жас кезімде өте еркелетіп өсірді, еркек балаша тәрбиеледі. Біреуде ақым кетсе, соған айтатынынды айтып кел, жеңіп кел деп жұмсап отыратын. Анам, ағаларым ренжітсе, араға түсіп менің сөзімді сөйлейтін.

Қайран әке! Біздің көп қызы-ғымызды көре алмай кетті, шет жағасын (оқу бітіру, жұмысқа тұру, т.б.) анамыз көрді. Анам дүниеге 11 бала келтірген.

«Ең тұңғышым шетінеп кетті, содан кейін ұлым Әбдіхалық жасынан мейірімді, мінезі ашық, қайырымды болып өсті, ержеткен соң біздің отбасымызға сүйеу болды. 11 баладан 5 бала қалды, қалғаны жас кездерінде кейбіреулері 5-6 -ға келгенде қайтыс болды. Ол кезде шалғай ауылдарда дәрігер жоқ, аяқ астынан ауырады да, қалаға дәрігерге барам дегенше жан тапсырады. Олардың бәрі жас кезінде кетті. Уақыт бәрін емдейді ғой. Сонда да осы қиыны, отбасымыздың, ағайынның, бүтін бір ауылдың берекесі, мерекесі болған Әбдіхалық балам 37 жасында көлік апатынан қайтыс болды, сол жаныма қатты батты», - деп отыратын анам.

Ол кезде мен де оқу бітіріп жұмыс істеп жүр едім, бұл қайғы біздің отбасымызды, бүкіл ауылымызды ойсыратып кетті. «Орында бар оңалар» деген, қазір ол кісіден қалған төрт бала ержетіп, әрқайсысы өзінше үй болып кетті. Мен де осы балалардың оқып, жоғары білім алып, азамат болып кетуіне барлық қолымнан келген көмекті жасадым.

Олардан өрген 9 бала (жеті ұл, екі қыз) өсіп келеді, алды үйленіп балалы болып жатыр. Бәрі де адал, мәдениетті, үлкенді сыйлайтын азамат болып қалыптасты. Осылардың жақсылығына қуанып, қиыншылығы болса әлім келгенше көмектесіп, істерін үйлестіріп отырамын, олар да менімен ақылдасып, ой бөлісіп отырады.

Әбдіхалық ағадан кейін апам Базарқұл мәуелі Бәйтеректей үлкен шаңырақтың иесі, 40 жылдан астам ұстаздық етіп, зейнетке шықты. Жездем Сариев Маханбетияр екеуі 7 бала тәрбиелеп, олардан немере, шөберелер бар. Шешеміз дүние салғаннан кейін Базарқұл апам бізге анамыздай қамқорлық жасап келеді. Өзінің үлкен отбасымен, қайын-жұртымен қоса төркін жұрты бізге де уақыт тауып, іздеп отырады. Осындай қасиеттері үшін апамның алдында басымды иемін.

Біздің әулеттің үлкен шаңырағының қазіргі егесі менің бауырым Божанов Әбсәддық Әбекең осы үлкен отбасының ұйытқысы, қамқоршысы, бәрімізді оқытты, тәрбиеледі, адамгершілікке, адалдыққа бауылды, мүмкіндігімізге қарай бәріміз осы үйде жиналамыз, жақсылығымызды атап өтеміз, ата-анамызды, дүниеден өткен жақындарымызды еске аламыз. Әбекең өте еңбеккеш қарапайым, құрметті зейнетке шыққанша Н.Илиясов шаруашылығында жұмыс атқарды, сөзге шешен, білімді, жасы ұлғайған осы кездің өзінде көп оқып, көп ізденеді. Әбекеңнің тағы бір ерекше қасиеті өте бауырмалдығы, аға балаларын, ападан, қарындастан туған жиендерді, немере, шөбере туыстарды өз балаларынан кем көрмейді. Жеңгем Кенішқұл екеуі 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп, ұлды ұяға, қызды қыяға қондырды, қазір олардан немерелер көріп отыр. Барлық балаларға жоғары білім әперді, әрқайсысы әртүрлі салада қызмет атқарады, мен олардың бойынан Әбекеңнің жақсы қасиеттерін байқаймын. Бәріміздің алдымызда асқар тау болып, аман жүрсін деп тілеймін.

Кіші сіңілім Маржан да осы Н.Илиясов ауылында тұрады, анам ең кенжем, алтыным деп отыратын. Алтын десе дегендей, мінезге бай, сабырлы, пара-



НӘЗІКТІК пен ҚАЙСАРЛЫҚ

Көркіне көрген адам қызығыпты, Ақтайтын артсаңыз да жүз үмімті, Ар, намыс сынға түскен мезеттерде Қазақтың жігітінен қызы мықты.
Автор

Қызы едің Сыр бойының елім дейтін, Елге қызмет етуге ерінбейтін. Жүрсең де қысы-жазы қия жолда, Қиындық шықты екен деп шегінбейтін.

Бұл өзі бұйрық па еді, сыйлық па еді, Қыздардың бірі болдың биліктегі. Дүбірлі бәйгелерде ширығады Даланың дауыл қанат жүйріктері.

Бәсеке кімге жеңіл, қолайлы екен? Бақ қонса болды дейді... Солай ма екен? Қай заман, қай кезде де заты әйелге Жеңіске ие болу оңай ма екен?

Бұл сұрақ – ескі сұрақ әлемдегі ең – Сезінген – сен билікте, өлеңде – мен. Әңгіме парасатты ерлікте ғой, Ғұмырлық қызметпен дәлелденген.

11 қараша 2011 жыл.

Бүгін екі мың он бірінші жылдың он бірінші айының он бірінші жұлдызы. Мұндай 6 бірдің қатар келуі ғасырда бір-ақ рет келеді. Оның үстіне мен бұл жазбамды тура күндізгі сағат 11-де бастап отырмын. Аяғын түнгі 11-де аяқтаймын. Күні бойы болған оқиғалардың бәрін қалдырмай жазамын. Сонда бұл 10 бірлік болады, немесе 5 "11".

Азанда жұмысқа ертерек келіп, жедел шешілетін шараларды орындап, күндізгі сағат 11-де осы жазбаны бастап қойдым. Өйткені бүгінгі күннің тарихи күн екендігі есіме түсті. Дәл қазір республика бойынша "Нұр Отан" партиясы ұйымдастырған "Халықтың дауысы" атты акция жүріп жатыр. Осы акцияның облыстық филиалда өткізілуіне мен жауап беремін. Оның үстіне Парламент мәжілісі мен жергілікті мәслихат тарайтын болған соң, облыстық филиалда қат-қабат тірік.

Осы күнді, атқарылған жұмысты әр сағат бойынша келтіретін болсам, таңғы сағат 9-дан 10-ға дейін партия филиалына арыз-шағымдармен келген адамдарды қабылдадым, қанша онды тірлік атқарылып жатқанымен, әлеуметтік-экономикалық өсу болғанымен, әлі де болса тұрмысы өте төмен отбасылар, ауру-сырқау адамдар, әділеттік іздеген жандар өте көп. Оның ішінде мемлекеттік органдардың жұмысына, прокуратура, сот шешімдеріне наразы бол, ескі жағалап жүрген азаматтар да жеткілікті. Солардың шағымдарын шыдамдылықпен тыңдап, қолымнан келгенше көмек беруге тырыстым. Келген кісілер біздің де ет пен сүйектен жаралған адам екенімізді, айтып отырған мұң-зардың біздің жүрегімізді де жаралайтынын ескере бермейді. Бір отбасында үш баланың бірдей туберкулездің ашық түрімен ауырып, емделуге жағдайының жоқтығы, ал екінші бір отбасында екі ересек баланың қант диабетімен ауыратыны, әке-шешелерінің мүгедек

Заңғардың – зарықтыру заңы-сынды, Тағдырдың табиғатпен табысулы Талайлар жетсек-ау деп армандаған Тұлғасың туған елге намысы үлгі.

Жайнатып гүл жазира жазықтықты, Тастадың өмір жырын жазып мықты! Іздеімін бүгінгі ұрпақ болмысынан Сендегі қайсарлықты, нәзіктікті.

Шығарса үздіктерін таңдап қоғам Шайырлар шабытты өлең

арнапты оған.

Халқынан Ұлы Сырдың айналайын Талантты бағалаған, ардақтаған.

Той өтіп жатыр дейді Сыр өлінде Жыраулар әлемінің жүрегінде. Алланың нұры жаусын, Алмағұл! – деп Жолдаймын Алматының тілегін де.

Күлнәш АХМЕТОВА,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
 28.06.2011 жыл.

екендігін баяндағанда өріне жүрегің ауырады. Оларға түрлі қайырымдық қорлар арқылы көмек көзін іздеуге тырысасың. Сағат 10-нан 11-ге дейін барлық аудандық филиалдармен телефон арқылы байланысып, 2012 жылға баспасөзге жазылу жөнінде мәлімет алдым, талдау жасадым. Сағат 11-15-тен 13.15-ке дейін үкімет-тік емес ұйым өкілдерімен кездесу өткіздім. Олардың қорғаған жобаларының жыл аяғына дейін қалай атқарылатынын жеке-жеке тыңдап, бағыт бердім. Түстен кейін сағат 3-тен 5-ке дейін облыстық мәслихаттағы депутаттық фракцияның іс-қағаздарын ретке келтіріп қойдым, өйткені осымен төртінші шақырылымдағы фракцияның жұмысы аяқталады. Сондықтан атқарылған жұмыстардың барлығы хаттамаға түсіп, жинақталуы керек. Сағат 5-тен 7-ге дейін алдағы болатын жергілікті мәслихаттардың сайлауына байланысты үгіт-насихат жұмыстарына қандай қаламын жасадым, үгітшілердің қала, аудандар бойынша тізімдерін анықтадым. 2011 жылды да аяқтап келеміз. Жалпы уақыттың өтуі өте жылдам, көз ілеспейді. Ойға алған жұмыстарымызды толық орындай алмай қалатын кездеріміз де жоқ емес.

Бұрынғы ата-бабаларымыз бір күні өтсе өкініп, қайғырады екен, "өміріміздің көбі өтіп, азы қалды" дейді екен. Біз болсақ күніміздің өткеніне мәз болып, қат-қабат тірілкен зулап өтіп жатқан уақытты бағалаймыз. Соңғы уақытта не атқардым, не тындырдым, қандай іс-шараларым жасадым, үгітшілердің қала, аудандар бойынша тізімдерін анықтадым. 2011 жылды да аяқтап келеміз. Жалпы уақыттың өтуі өте жылдам, көз ілеспейді. Ойға алған жұмыстарымызды толық орындай алмай қалатын кездеріміз де жоқ емес.

Бұрынғы ата-бабаларымыз бір күні өтсе өкініп, қайғырады екен, "өміріміздің көбі өтіп, азы қалды" дейді екен. Біз болсақ күніміздің өткеніне мәз болып, қат-қабат тірілкен зулап өтіп жатқан уақытты бағалаймыз. Соңғы уақытта не атқардым, не тындырдым, қандай іс-шараларым жасадым, үгітшілердің қала, аудандар бойынша тізімдерін анықтадым. 2011 жылды да аяқтап келеміз. Жалпы уақыттың өтуі өте жылдам, көз ілеспейді. Ойға алған жұмыстарымызды толық орындай алмай қалатын кездеріміз де жоқ емес.

Бұрынғы ата-бабаларымыз бір күні өтсе өкініп, қайғырады екен, "өміріміздің көбі өтіп, азы қалды" дейді екен. Біз болсақ күніміздің өткеніне мәз болып, қат-қабат тірілкен зулап өтіп жатқан уақытты бағалаймыз. Соңғы уақытта не атқардым, не тындырдым, қандай іс-шараларым жасадым, үгітшілердің қала, аудандар бойынша тізімдерін анықтадым. 2011 жылды да аяқтап келеміз. Жалпы уақыттың өтуі өте жылдам, көз ілеспейді. Ойға алған жұмыстарымызды толық орындай алмай қалатын кездеріміз де жоқ емес.

Осы қазба 2011 жылдың 11 қарашасы күні сағат 11-де басталып, түнгі сағат 11-де жазылып бітті.

Кітапхана

Хабардың біткендігін әлдебір әуен ыңылдап, қыңси бастаған кезде Байшұбар қол радиосын өшірді.

«Құдайым-ау, мына хабарды Ахмет естігенде не болар еді? Есі шыға кустңғандығынан билеп кетер ме екен... ән саламын деп гүжілдеп, өуре болар ма екен... Әйтеуір, сондай бір қызық күй кешер еді-ау, бейбақ!»

Қол радиосын өшірген бойда оның ойлағаны осы болды. «Әкелген адамдарын улы жыландарға талатып, сосын қазанға қайнатып алған уын мөлдіретіп, әлденеше бидонға құйып алған соң, құм төбенің басына шығып отырып, мынадай хабар тыңдаса, одан бақытты, қуанышты адам болар ма еді? Одан бай адам да болар ма еді мына жалғанда?! Бәсе...»

Бір есептен осы хабарды тыңдай алмай кеткені үшін-ақ бұл Ахметті бақытсыз жан деп ойлады. Дәл қазір оны сондайлық жек көрген де жоқ. «Бақытына қол созым жер қалғанда ажал құшқан ол да бір бейшара, бейбақ-тағы...» деп ойлады.

Кенет есіне кісілері арқылы Ахметтен у алдыратын президент түсіп кетті де, қол радионың құлақшасын бұрады. Радио күй беріп жатыр екен. Өншейіндегі бар ынта-ықыласы күй тыңдау болса да, бұл жолы соншалық әсем әуенге де Байшұбар елікпеді. Ол тек қана жыланның уына байланысты хабарлар күткен. Сондықтан қол радионың құлақшасын бұрап, өшіріп жатып, оны кеш ашқанына қатты өкінді. Қол радионың бүгін ол президент туралы айтқанына ешқандай да күмені болған жоқ. Жол бойы қожайынның қол радиосына дамыл бермеуін есіне түсіре отырып ойлағаны Ахмет мырза сол президенттің де қашан, қай күні өлетінін білген секілді. Бақытсыз патша болады. Ол да өлу үшін у іздейді дегенді Байшұбар бұрын-сонды естіген емес... Сондықтан өзіне келер-кетері болмаса да, белгісіз патшаның қасіретіне іштей қатты елеңдеген. Әуелде ойлады: «Халқын ашаршылыққа ұшыратып алды ма екен?» деп... Өлде, балалары қатыгез, қаныпезер болды ма екен?» Осылай төсегінде шалқасынан жатып, оңаша қалың қиялға шомғаны да бар. Тіпті ол патшаға іштей қатты жаны ашығанда...

Енді ойлап отыр. «Мүмкін ол Ахметтің уын өзі өлімі үшін емес, өзге біреуді өлтіру үшін алдырған шығар. Олай болса ол патшаның Ахмет мырзадан несі асты? Ол да бір, бұл да бір-р...».

Кенет патшаны да жек көріп кетті. Патшаны ғана емес-ау... дүние түгел зұлымдықтың мекеніне айналып кеткендей... іштей таусылып, шаршап отырды.

Енді қол радиосын да тыңдағысы келген жоқ. Тіпті ешкімді де, ештеңені де керек етпеген күйде томсырайып отырып қалған. Қожайынын төмен қойып, өзін одан бақыттырақ санағаннан кейін, үрейден де арылғандай.

«Ералының қаны мен тәні араласқан жыланның уына қол жеткізе алмай таласқандары рас болса, Шертайымынң қаны мен тәні араласқан удан кейін ол жұрт қайтер екен? Қырқысып, бірін-бірі жұлып жеп тынар ма?» деп ойлады Байшұбар өлі де у жайлы хабардың әсерінен біржола шыға алмай отырып.

Лиза мен Лолахандардың аузынан: «Қожайынымыз қыстақтың керемет жерінен жер алды. Ол жерге салынатын үй бес қабат болады. Және ауласының сән-салтанаты да бөлекше жоспарлануда. Егілетін бау ағаштары мен гүлдерге, әртүрлі ем-дәрілік шөптерге еуропадан маман алдырмақ» деген әңгімелерін де естіген.

...Сол әңгіменің де сыры Байшұбарға бүгін, қазір... түсінікті болып отыр.

Төңірекке қараңғылық үйіріліп, шығыстан болмашы леп есті. Күндізгі алапат ыстықты мүлдем ұмытып, құмды дала енді жандыға да жансызға да жайлы бір шақтың басынан кешіріп жатқандай.

Аттар құдыққа жақындады. Олар осы арада құдықтың барын әуелден-ақ білетін секілді. Жаңылмай, жазбай тауып, тұсаулы аяқтарымен-ақ өңмендеп-ақ келеді. Мылтықтың бауын иығына, қол радионы жан қалтасына салып, Байшұбар енді құмтөбеден төмен түсіп, құдықтың басына да аттармен қатар жетті.

Қауға шелекті құдыққа сала бергенде ол ештеңе ойлай қойған жоқ-ты. Мол суға шым батқан шелегін сыртқа тартып жатқанда ғана кенет шелекпен бірге жүздеген, мыңдаған жыландар ілесіп келе жатқандай денесі тітіркеп, шелектің ернеуі көрінгенше ол осы секілден арыла алмай тұрғаны. Бірақ ойындағы сол көп жыланның орнына мөлдіреп құмның бір шелек суы қана шықты.

Аттар суды көп ішті. Тіпті әрқайсысы үш шелектен ішті ме, өлде төрт шелектен ішті ме, анығы есінде жоқ. Әйтеуір, құдықтан суды тартып жатыр... тартып жатыр... Аттар сораптап ішіп жатыр...

Аттардың бас көтерместен су ішуіне қарап Байшұбар ішінен «жыландар мекендеген құдықтын суы тәтті бола ма екен» деп те ойлады.

Су ішіп болған соң аттар шыға жайылып, сексеуілдердің ара-арасында аптаптан жасырынып, аман қалған шөптерді қоймай орып жеп, күтірлете күйсеп бара жатты.

Байшұбар жуан сексеуілдің түбіне отыра кетіп, көйлегінің етегін оң қолымен түріп әкеліп, жіпсіген маңдайын сүртті. Құнарлы жерге бөртіп шыққан егіндей болып, көкте жұлдыздар да самсап қалыпты. Және бұл өңірде жұлдыздар қол созым жерде ғана тұрғандай болып, анық көрінеді екен.

Сәлден соң ай да туды. Толған шағы екен, айдың толған кезде сулу көрінетіндігіне де Байшұбардың мән беруі осы жолы шығар.

...Кенет бір ой санасына сап ете

екем. Тағдыр оны маған жазбаған екен. Мен осында Шертайымынң жанында-ақ қалайын. Алланың маңдайымызға жазуы шығар; бірге сапарға шыққанымыз... сосын бірге өліп, қатар жатқанымыз... Сенің... сендердің жолдарың болсын. Қиыны - Әлікұл мен Бейсенім жетім қалады. Несі бар, жетім қалып Шертай екеуіміз де ержетіп, ел қатарына қосылдық қой. Олар да бірін-бірі жетелеп, бірін-бірі біздей жақсы көріп есейсін... Бізге ұқсап, олар да жұмыс іздеп, Ұзынарықтан ұзап шықсын. Соның аржағы - өмір деген ұзақ жол... Сол жол бал татыра ма, у татыра ма оны тағдырларынан, маңдайларына жазылған несібелерінен көрсін...».

Байшұбар ат жалынан, сауырынан соңғы рет сипап, өзі де жылап, қасқаторының тұсауын шешті. Жиреннің де, бозбестінің де тұсауларын алды. Бозбесті мен

жерінен оқыс көтеріліп, бұрыла бергенде Шертайдың құдыққа түсер алдында сексеуіл бұтағына іліп қойған ақ көйлегі көзіне түсіп, қайта көңілі босап, әуелі кемсендеп, соңынан өкіріп қоя бергені.

«Желбіреп алға ұмтылған ақкөңілім менің! «Аға, бәрін де өзім істеймін. Мен жүрген жерде сіз отырыңызшы... Тіпті уайымсыз, жантайып жатыңызшы...» деп мені патшадай сыйлаған ақжапырақ көңілінді қайтейін... Елжіреп, елпілдеп тұрған жүрегінің лүпілін қайтейін...

Мен үшін елпілдеп, желбірегенде ақыры, міне... не таптың? Құдыққа мен түскенде, сен аман қалып жар тауып, атыңды кейінгіге қалдырар ұл-қыз сүйер ме едің? Жаныңдай жақсы көретін інілерің Әлікұл мен Бейсенге ес болар ма едің?».

Байшұбар қайтадан ебіл-дебіл жылап отырып, көктемде інісімен

ЖЫЛАННЫҢ ҰЫ

Т.Нұрмағанбетов

арада болған оңаша сырды есіне алды. «Көп ақшамен ауылға барған соң не істейміз?» деген әңгіме баяғы...

Шертайдың мектепті көрші ауылда тұратын Серғазы деген кісінің Мира есімді қызымен бірге бітіргенін бұл білетін. Інісінің оқып жүрген кітабының арасынан ол қыздың суретін де көрген. Пішімі келген бала екен, сүйсініп қалды. Шырайдың да сол қызды ұнатып, пыш-пыш бірдеңе дегені құлағында қалған.

– Бара салысымен Серғазының қызына құда түсемін, - деді бұл інісі күте қоймаған әңгімені бастап. Шертай қызарақтап қалды.

– Оқуым бар ғой, аға, - деді қыз жөнінде бірдеңе айтуға ұялғандай болып.

– Е, оқуың болса қайтейін. Үйленген жігітті оқу қабылдамай ма екен?

Шертай одан әрі үндей алмай, қызарақтаған күйі жүзін бұрып әкетті.

Бірақ Байшұбардың мына әңгімесін жек көрмеген секілді. Қайта қуанып, сүйсініп қалды ма-ау, немеңе...

Бұл сонда-ақ ойлаған. «Бітті. Сүйеді екен. Енді ауылға жеткен бойда Серғазының қызының құлағына алтын сырғаны іле салармын-ау» деп.

...Түн ортасы ауа құмды дала мүлдем салқындады. Байшұбар тісі-тісіне тимей қалшылдап отырып «Я, Алла үсіп өлсем екен» деп тіледі ішінен. «Шықылдаған шілдеде Қызылқұмда үсіп өлу бұрын-сонды болмаған шығар. Сол болмаған өлімді мен қалар едім... Сұрар едім...»

Сөйтіп отырып-ақ біржағынан күндізгі аптабы кісі шыдатпайтын Қызылқұмның қазіргі мінезіне қатты таңырқап та отырған.

Орнынан тұрып барып, ілулі тұрған Шертайдың ақ көйлегін алып ііскеді. «Осы сапарға, аға, сіз сыйлаған көйлекті киейінші» деп ырымдап қуана киіп, желкілдеп, желпілдеп-ақ шыққан сапары еді ғой, қарағымның...»

Екі күн аптапқа киген көйлектің тер исін жел кептіріп жіберіпті. Бірақ інісінің денесіне тиген көйлекті ұстаудың өзі Байшұбарды едәуір жұбатты. Сәлден соң-ақ Шертайдың көйлегін сыртынан киіп алып, кәдімгідей бойы жылыңғанда: «Жаураған денемді де өзің жылытың-ау... Шертайжаным-ай» деп ойлады. Бір жақсысы - бұл жолы жылаған жоқ.

Ұйқылы-оюу қисайып жатқан. Әуелде елес пе, әлде түс пе, анығын біле алмады. Біржағынан анық шатысқандығынын белгісі ме, немеңе?

...Бұлдыр-бұлдыр сағымның арасында Шертай екеуі Қызылқұмның даласында атпен қатар жорылып келе жатыр екен-ау деп ойлады... Екеуі де сондай көңілді. Өзінше бірдеңелерді айтып, Шертай сақ-сақ күледі.

Содан соң сексеуілдің бұтақтарымен өріліп қазылған құдықтың жанына аттарынан түсті. Екеуі де қаталап шөлдеген екен-ау, шамасы... Байшұбар қауға шелекпен су тартпайтын десе, «белімнен байлап түсір, суды өзім алып шығуым керек» деп Шертай көнбейді. Бұл амалсыз келісіп, інісінің беліне кендір арқан байлап, оны құдық түбіне жіберіп, арқанды бірте-бірте босатып жатқанда Шертайдың шыңғырған дауысын естігені.

...Шошығаны сондай, аяқтарын бауырына алып, жуан сексеуілдің ығында жатқан жерінен оқыс атып тұрды. Әуелі қайда, неге тұрғанын түсіне алмағандай меңірейіп жан-жағына қарап тұрды да, сексеуіл бұтақтарымен өрілген құдыққа, құдық жанындағы інісінің төмпешігіне

қарады. Шыңғырған үн төңіректен әлі де естіліп тұрғандай бір сәт құлағын басты.

О ғажап-п! Құлағын басқан сәтте де шыңғырған үн құлағына естіліп жатты. Қалай, қайдан естіліп жатқанын түсінсе бұйырмасын... Оңына қарады... солына қарады.. Аң-таң... Бірауық бүкіл дүниеге түсінбегендей, әлде бүкіл дүние мұны түсінбей тұрғандай, мәнсінбегендей айналадағы құм төбелер мен сексеуілдерге меңірейе қарап тағы біраз тұрды да, кенет шұғыл шешім жасаған жандай, қолына шолақ жүректі алып, інісінің төмпешігінің жанын боратып қаза бастады.

...Таң саз бере Қызылқұмның бүкіл дүниеден бір бөлек жатқан ми даласының есін шығарғандай гүрс-сс еткен мылтық дауысы естілді. Бұрын-соңды естімеген дыбыстан берекесі қашқан шолақ кесірткелер, тоңқаңдаған қоңыздар

ҰЫ

мен қарақұрттар індерінен зытып шықты... Зытып қайта кірді... Сексеуіл жапырақтары шайқалды...

Арада көп уақыт өтпей-ақ сәбидің жылағанындай шығыстан сыңсып соққан қоңыр жел сексеуілмен өрілген құдықтың басына үшінші төмбешікті де қарайтып үлгірген еді...

Құн талтүске таянған шақта жыбырлап жылжыған көп жылан өзендей ағып, құдықты бетке алып келе жатты. Ыстық кешегіден де қатты еді. Құмның шоктай жалынына шыдай алмаған бала жыландардың біразы аударылып түсіп, қайта жылжып, қайсыбірлері биікке шапшып атылып, әлденеден, әлдекімнен шошығандықтан емес, еркін де тоқ өмірден масайрап, мөз-мәйрам болғандай, ерке қылықтарын көрсетіп келе жатқан.

Олар құдық маңындағы үшінші төмпешікті де көрді. Көріп қана қоймай, өрмелеп басына шықты. Сосын төмен түсті. Қылығы тәтті тағы бір бала жыландар жай түсе салмай, бауырлары ағараңдап, құлап-аунап, сосын қайта жыбырлап жылжып, түбіне дейін сексеуілмен өрілген құдықтағы салқын мекендеріне асығыс кіріп жатты.


Атажылан асыққан жоқ. Кеше екеу, бүгін үшеу болған төмпешіктерді асықпай аралады. Соңғы төмпешіктегі ұшы көміліп, дүмі сыртта қалған мылтыққа да мән берді. Қол радиоға да қарады. Ауада екі аяқтылардың ғана иісі қалыпты. Төрт аяқтылардың иісі жоқ. Атажылан екі аяқтылардан ғана сексенетін. Сондықтан тілін жалт-жұлт шығарып тұрып, ауаны тағы ұзақ иіскеді. Оның өзі де өлі иіс... Тірі екі аяқтының иісі білінбеді.

Атажылан екі аяқтылардың жақсы-жаманын да иістерінен аңдайтын. Жыл сайын зиянсыз екі аяқтының өлі иісі осы жерде қалатын да, зияндысы қайтып кететін. Атажылан сол зиянды екі аяқтының иісіне айрықша мән беретін. Өйткені ол қанша жылдан бері келіп-кетіп жүр... Енді сол айрықша танымал екі аяқтының да иісі өлі...

Атажылан енді жер бетіндегі екі аяқтылардан түгел құтылғандай, өзін қауіпсіз сезінді. Сонда да сақ еді... Таң алдында құмның ысылдаған желімен ілесіп келіп, құдық маңайына тоқтаған қанбақ-шөпке де, жібі шұбатылып, құлап жатқан қауға шелекке де секемдене қарады. Оны шошытатын - қандай да бір төңіректегі өзгерістер еді. Ауаның да... жер бедерінің де... Болған оқиғаға қайғырып, әлде қуануды да ол білмейтін. Білетіні - еркіндігі мен жауын әлде қаттың жеңген сәттерде ғана болатын тәкаппарлығы еді. Қазір де сол тәкаппар мінезін қайта тауып, көп жыландардың соңынан құйрығы құлаштай болып, пандана жылжып салқын құдыққа кіріп бара жатты.

...Екі аяқтылардан біржола құтылу құмды өңірдегі жанды мақұлық атаулының бәріне әл беріп, жадыратқандай, кешелі бергі үрейден өліп-өше бастаған үміттерін қайта тірілтіп, жалғағандай қуй аңғарылды. Ендігі жерде мұңсыз тіршілік кешер, өсіп-өнер жаңа бір кезеңнің табалдырығынан аттағандай қуаңған шолақ кесірткелер індерінен зытып шығып, зытып кірді. Қызылқұмның тоңқаңдаған қарақұрт, қара қоңыздары да көлеңкелерден бой көрсетті. Әншейінде осындай алапат аптап кезінде өлімсіреп, салбырап қалатын сексеуіл жапырақтарына да оқыс жан бітіп, әлсіз қимылдап, жаңарып, жалтылдай қалыпты...

Соңы



ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Өнер орталығында» мерекелік шара өтті. Оған сала қызметкерлері мен ардагерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды кәсіби мерекемен құттықтап, сала жетістіктеріне тоқталды.

– «Баршаңызды Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлтымыздың болмыс-бітімін сақтауға, халқымыздың руханиатын байытуға зор үлес қосқан мәдениет және өнер майталмандарының еңбегі қашанда елеулі.

Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы Женістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш айлағының құрылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының 70 жылдығы кең көлемде аталып өтуде. Бұл мерейлі даталардың ел тарихында алар орны мен маңызы зор. Мәдениетіміздің мәртебесі әрдайым жоғары болсын! Киелі «Сыр елі – жыр елінің» рухани қазынасы толығы бергей!», – деді Н.Нәлібаев.

наградасы – Қызылорда облысының Құрмет грамотасы берілді.

Мерекеді дәстүрле айналған облыс әкімінің «Тұран» сыйлығы табысталып, Сыр өңіріндегі әдебиет пен өнер өкілдерінің мерейі асқақтады. Қызылорда қаласы мен аудандардағы өнер ұжымдарына қобыз сыйға берілді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері», «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгілері, Құрмет грамотасы және Алғыс хаты тапсырылды.

Биылғы мерекелік даталарға орай өңірде жыл бойында бірқатар ауқымды мәдени-рухани шара өтеді деп жоспарлануда.

Өткен жылы өңірімізде жарияланған «Руханият жылы» аясында барлық 7 ауданда «Руханият орталықтары» ел игілігіне табысталды. Бұл орталықтарда ұлтымыздың құндылықтары дәріптеліп, салт-дәстүрлеріміз кеңінен насихатталуда. «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», «Өнер орталығы» салынып, пайдалануға берілді. Жакында Қызылордала балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы өз жұмысын бастады. Жас ұрпақтың шығармашылығын шындау, қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсатында соңғы үш жылда 4 «Оқушылар сарайы» мен 2 «Өнер мектебі» ашылды.

Шиелі ауданынан 200 орындық «Оқушылар сарайы» мен 50 орындық «Өнер мектебі» салынуда. Сыр топырағында ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне қызмет еткен Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараты демеушілікпен бой көтеруде. Облыстық тарихи-өлкетану музейі салынуда, қалалық мәдени-демалыс паркі заманауи сипатқа еніп, қайта жаңғыртудан өтуде. Аталған нысандар 1 маусым күні ел игілігіне табысталады. Биылғы Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатөмөнеркәсіп» ҰАК демеушілігімен жаңадан «Достық үйінің» құрылысы басталды.

Өткен жылы алғаш рет мәдениет саласының мамандарына жаңадан көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 қызметтік пәтер табысталды. Симфониялық оркестр, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасакталды. Сыр мәдениетінің негізгі брендi, жыраулық дәстүр өкілдерінің отауы – «Жыраулар үйі» ашылды.

ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР! «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2025» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ!

Конкурсқа қатысуға еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі.

Қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар; бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар тізімі:

1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

4) Ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі- бар болса;

5) Балаларды тәрбиеленгені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) балалардың, ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар және мінездемелер;

7) ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);

8) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

Сонымен бірге отбасын таныстыру мақсатында отбасылық көріністер бейнеленген 1,5-2 минуттық видеоролик жасап ұсыну қажет. Аталған құжаттарды жинақтап, сканерлеп, түрлі-түсті портфолио жасап төмендегі мекен-жайға ұсынады.

Жеңімпаздарды анықтау мақсатында құрылған комиссия отырысында портфолио мен видеороликті қарау арқылы жеңімпаздар анықталады.

«Мерейлі отбасы - 2025» ұлттық конкурсына құжаттар 2025 жылғы 15 маусымға дейін қалалық қоғамдық даму бөлімінде қабылданады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №16 үй (қала әкімдігінің ғимараты), 306 - кабинет, байланыс телефоны: 26-39-54, 27-20-81.



Мемлекет басшымыз бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша бағасын берген еді. Өздеріңізге белгілі, Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда келесі 5-ші отырысты Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жыында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақаттты.

Биыл – еліміз, өңіріміз үшін тарихи мерейтойлар жылы! Қазақтың бас ақыны

Салтанатты шарада үздік жетістіктері және айрықша еңбегі үшін сала қызметкерлері марапат төрінен көрінді.

Қызылорда облыстық филармониясының әншісі, Мәдениет қайраткері, 40 жылға жуық уақыттан бері қазақ өнерін алыс-жақын шетелдерге танытқан Медеуова Үміткүл Еменқызы «Құрмет» орденімен, Сыр өңірінің рухани-мәдени дамуына үлес қосқан жыршы-жырау Тәңірбергенов Айбек Жақсанұлы «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Сондай-ақ, бірқатар қызметкерге облыстың ең жоғары

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген орны: Қызылорда қаласы , қалалық мәслихатының мәжіліс Залы.

Өткізілген уақыты: 2025 жыл, 27 мамыр, сағат 10:00

Төрағалық еткен: Қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы **М.Әбдіқалыков**

Қатысқандар: (тізім бойынша).

КҮН ТӘРТІБІ:

2025 жылға арналған Жол картасында өзгертуді қажет ететін көшелерді «Тарихи тұлғалар», «Жер-су» атауларымен атау, Ұлы женістің 80 жылдығына орай Қызылорда қаласы бойынша қолдау тапқан ұсыныстар бойынша қалалық әкімдік жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының қорытындысына келісім беру туралы

Хабарламашы: Ж. Тажмаханов – Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы

ТІПНДАЛДЫ:

Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж. Тажмахановтың хабарламасы

(хабарлама коса тігілді)

Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж. Тажмахановтың 2025 жылға арналған Жол картасында өзгертуді қажет ететін көшелерді «Тарихи тұлғалар», «Жер-су» атауларымен атау, Ұлы женістің 80 жылдығына орай Қызылорда қаласы бойынша қолдау тапқан ұсыныстар бойынша қалалық әкімдік жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының қорытындысына келісім беру туралы хабарламасы назарға алынды.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығына сәйкес қаралып, ескерілсін.

1.1 Әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктерін қайта атау және атау беру бойынша Қызылорда қаласындағы келесі көшелер ұсынылсын:

1) «Төле би – I» түйік көшесі – «Алтынбек Сейдахметов» есіммен қайта атау;

2) «Бәйтерек» шағын ауданындағы атаусыз көшесі – «Қайым Мұхамедханов (Ғабдулқайым)» есіммен;

3) Сол жағалаудағы Абылай хан даңғылы бойындағы айналма жолдан бастау алып «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізіне қарай түйісетін атаусыз көшесі – «Сейіпбек Шаухаманов» есіммен;

4) «Бәйтерек» шағын ауданындағы атаусыз көшесі – «Серікбол Қондыбай» есіммен;

5) Сол жағалаудағы Тәуелсіздік даңғылына параллель жатқан (Эдельвейс саяжайынан Абылай хан көшесіне тіреледі) көшесі – «Нұртағ Оңдасынов» есіммен;

6) Сол жағалаудағы атаусыз көше – «Сұлтанбек Қожанов» есіммен;

1.2 Сонымен қатар Қызылорда қаласындағы шартты атаумен аталатын келесі көшелерге республикалық ономастикалық комиссиясымен бекітілген «Жер-су» атауларымен атау ұсынылсын:

Арай-Шұғыла-1 – «Теріскен» атауымен;

Арай-Шұғыла-2 – «Айнақол» атауымен;

Арай-Шұғыла-3 – «Қарғалы» атауымен;

Арай-Шұғыла-4 – «Тораңғыл» атауымен;

Арай-Шұғыла-5 – «Бозарал» атауымен;

Арай-Шұғыла-6 – «Кендірған» атауымен;

Арай-Шұғыла-7 – «Қөттоған» атауымен;

1.3. Ұлы Женістің 80 жылдығына орай Қызылорда қаласы бойынша қолдау тапқан келесі ұсыныстар:

1. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Рақымжан Қошқарбаев» есіммен;

2. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Хамит Калиев»

есімімен;

3. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Махамбет Тәшімов» есіммен;

4. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Секенбай Тұрбаев» есіммен;

5. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Әбілхак Дәуітов» есіммен;

6. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Шайхы Бейсембаев» есіммен;

7. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Елеусін Қайназаров» есіммен;

8. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Үдербай Баймаханов» есіммен;

9. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Қазтай Кенжеғараев» есіммен;

10. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Жаутбек Мусаев» есіммен;

11. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Пірімжан Қасымов» есіммен;

12. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Әбдіраш Іскендіров» есіммен;

13. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Мұсылманбек Мәжитов» есіммен;

14. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Жылқайдар Қоянбаев» есіммен;

15. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Қартай Қуанбаев» есіммен;

16. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Төлеген Оспанов» есіммен;

17. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Ғабден Ғабсатаров» есіммен;

18. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Нүрділда Байманов» есіммен;

19. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Жұман Тұяқбаев» есіммен;

20. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Ибрагим Нұрымбетов» есіммен;

21. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Әлімбай Әліасқаров» есіммен;

22. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Үсейін Ысқаков» есіммен;

23. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Молдағали Сариев» есіммен;

24. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Қартанбай Замединов» есіммен;

25. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Кенесбай Қалиев» есіммен;

26. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Темірбай Дүйсенов» есіммен;

27. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Токжан Әділов» есіммен;

28. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Сағындық Сейітпенбетов» есіммен;

29. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Оразов Тәнеш» есіммен;

30. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Ағайынды Әбілдаевтар» есіммен;

31. Бәйтерек ш/а атауы жоқ көше – «Тажмахан Қойшыбаев» есіммен аталсын.

2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына осы хаттама және ұсыныс жолданыс.

3. Осы хаттама 7 (жеті) жұмыс күн ішінде қала әкімдігінің интернет-ресурстарында орналастырылсын және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі (Ж. Тажмаханов);

Осы хаттамадан туындайтын тиісті жұмыстар мен шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін;

Осы хаттамадан туындаған тиісті жұмыстар мен шаралар орындалғасын Қызылорда қалалық мәслихатының кезекті сессиясын дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспарына ұсынсын.

Қаралған мәселелер бойынша хаттаманың жобасы дауысқа салынып, толығымен қабылданды.

Комиссия төрағасы:

М. ӘБДІҚАЛЫҚОВ

Место проведения: зал заседаний городского маслихата.

Дата и время проведения: 27 мая 2025 года, 10:00 часов.

Председательствовал: председатель постоянной комиссии городского маслихата по вопросам экономики, развития предпринимательства, социальной сферы и правопорядка М. Абдиқаликов

Присутствовали: (согласно списку).

ПОВЕСТКА ДНЯ:

О согласовании заключения городской ономастической рабочей группы при акимате города Кызылорда по предложениям, получившим поддержку в рамках празднования 80-летия Великой Победы, а также по переименованию улиц, подлежащих изменению в Дорожной карте на 2025 год, с присвоением названий в честь «Исторических личностей» и «Географических объектов».

Докладчик: Ж.Тажмаханов – Руководитель отдела культуры и развития языков города Кызылорда

ЗАСЛУШАНО:

Доклад руководителя городского отдела культуры и развития языков
Ж. Тажмаханов (уведомление прилагается)

Принято к сведению уведомление руководителя отдела культуры и развития языков города Кызылорда Ж. Тажмаханова о согласовании заключения ономастической рабочей группы при городском акимате по предложениям, получившим поддержку в рамках празднования 80-летия Великой Победы, а также о переименовании улиц, подлежащих изменению в Дорожной карте на 2025 год, с присвоением названий в честь «Исторических личностей» и «Географических объектов».

Принято к сведению, что в соответствии с Законом Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан» и приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 1 августа 2023 года № 211 «Об утверждении Правил учета мнения населения соответствующей территории при присвоении, переименовании и уточнении транскрипции названий административно-территориальных единиц и составных частей населенных пунктов» предложения были рассмотрены и учтены.

1.1 Предлагается присвоение и переименование следующих улиц в городе Кызылорда по составным частям административно-территориальных единиц:

1) Туникская улица «Төле би – 2» - переименование в честь «Алтынбек Сейдахметов»;

2) Улица без названия в микрорайоне «Бәйтерек» - переименование в честь «Қайым Мұхамедханов (Ғабдулқайым)»;

3) Улица без названия, начинающаяся от кольцевой дороги вдоль проспекта Абылай хана на левом берегу и соединяющаяся с транспортным коридором «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» - переименование в честь «Сейіпбек Шаухаманов»;

4) Улица без названия в микрорайоне «Бәйтерек» - переименование в честь «Серікбол Қондыбай»;

5) Улица на левом берегу, параллельная проспекту Тәуелсіздік (от дачи Эдельвейс до пересечения с улицей Абылай хана) - переименование в честь «Нұртағ Оңдасынов»;

6) Улица без названия на левом берегу - переименование в честь «Сұлтанбек Қожанов»;

1.2 Также предлагается назвать следующие улицы в городе Кызылорда, которые на данный момент имеют условные наименования, именами, утвержденными Республиканской ономастической комиссией, в рамках наименований «Жер-су»:

Арай-Шұғыла-1 — с присвоением названия «Теріскен»; Арай-Шұғыла-2 — с присвоением названия «Айнақол»; Арай-Шұғыла-3 — с присвоением названия «Қарғалы»; Арай-Шұғыла-4 — с присвоением названия «Тораңғыл»; Арай-Шұғыла-5 — с присвоением названия «Бозарал»; Арай-Шұғыла-6 — с присвоением названия «Кендірған»;

1.3. В честь 80-летия Великой Победы предлагаются следующие предложения, получившие поддержку в городе Кызылорда:

1. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Рахымжан Қошқарбаев»;

2. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем

«Хамит Калиев»;

3. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Махамбет Тәшімов»;

4. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Секенбай Тұрбаев»;

5. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Әбілхак Дәуітов»;

6. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Шайхы Бейсембаев»;

7. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Елеусін Қайназаров»;

8. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Үдербай Баймаханов»;

9. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Қазтай Кенжеғараев»;

10. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Жаутбек Мусаев»;

11. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Пірімжан Қасымов»;

12. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Әбдіраш Іскендіров»;

13. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Мұсылманбек Мәжитов»;

14. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Жылқайдар Қоянбаев»;

15. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Қартай Қуанбаев»;

16. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Төлеген Оспанов»;

17. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Ғабден Ғабсатаров»;

18. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Нүрділда Байманов»;

19. Улица без названия в микрорайоне Бәйтерек – именем «Жұман



Есімі елге белгілі Берік Жүсіповтен артық айта алмаспыз анық. Ол осыдан 20 жыл бұрын "Б.Нұржанов-Сыр бойының музыкалық мұраларына, оның ішінде күй жанрына ұзақ жылдар беделінде жанашырлық танытып, жинап-теріп, аңыз-шежірелерінің бүтінделуіне қомақты үлес қосып келе жатқан жаңашылдардың бірі. Ізденімпаз жанның игі бастамалары үмітіңе тамыздық болады, көңіл қуантады. Сол себепті, көз майын тауысып зерделеген еңбегіне пікір білдіруді ізет санадық.

Ең бастысы, Балтабай өз ісінің білгірі, маман, күйші-педагог, сазгер Сыр бойы күйшілерінің аңыз-шежіресін жинастыруды елден ерте қолға алған зерделі жан. Қажырлы еңбек, тынымсыз ізденісінің арқасында Сыр бойы күйлерінің хрестоматиясын құрастырды, күйші Құрақтың Досжанына байланысты бірнеше

мақала жариялады, күйлерінің аңыз-шежіре мен ноталық жазбаларын топтастырған жинақ шығарды. Енді міне, сол еңбектерінің заңды жалғасы ретінде «Әлшекей» атты шағын еңбегін ұсынып отыр. Сөз жоқ, бұл Балтабайдың Сыр бойы музыкалық мұраларының зерттелуі мен жиналуына қосқан сүбелі үлесі деп бағалауға лайық дүние» деп белгілі күйші, композитор бүгінгі күні 80 жасқа толып отырған "Мәдениет саласының үздігі", "Қорқыт Ата" Алтын медалінің иегері, Қазақстан композиторлар, Журналистер одағының мүшесі, өнер зерттеушісі, доцент Нұржанов Балтабай Сәрсенбайұлына баға берген екен.

Мерейтой қарсаңында мерейлі жасқа келіп отырған күйшінің өмір тарихын өзіне айтқызайық деген оймен өз естелігін жариялап отырмыз.

ның түкпір-түкпірінен келген бозбала жігіттер көп болды. Бірінші курста қазақ тобында 6 бала, орыс тобында 25 бала оқыды. Сабақ орыс тілінде жүрді. Қазақ тобында Алматыдан Амангелді, Шалқардан Күләш, Аралдан Қуат, Орскіден Мұслима, Қызылордадан Тасболат және мен болдым. 1966 жылы қазақ ұлт аспаптар оркестрінің жетекшісі мамандығын алып шықтым. Кейін сырттай Шымкенттегі әл-Фараби атындағы педагогикалық мәдениет институтын бітірдім. Ақтөбеде оқып жүргенде, Ақтөбе облыстық филармониясының жанында құрылған ансамбльде жұмыс жасадым. 1967 жылы Совет Армиясына шақырылып, Нижний-Тагиль қаласында азаматтық

Өрбір адам өмір өткелдерінен өтетіні хақ. Әжем Телеукұлдің (анамды әже деп айтушы едім) айтуынша күздік қарабайдақтың алғашқы піскен айында, яғни 1945 жылдың 1 маусымында Қызылорда облысының, «Талсуат» ауылында жарық дүниеге келіпін. Біздер Құрымбайдан-Сәдірбай, Жаңбыршы, Меңлібай, Сәдірбайдан-Майқан, Ықан, Аяжан, Майқаннан-Сәбира, Жаңбыршыдан-Нұржан, Нұржаннан-Сәрсенбай, Рәш. Сәрсенбайдан-Әжібай, Балтабай. Меңлібайдан-Аяжан, Бижан, Сақтаған. Бижаннан-Оспан, Пірман. Пірманнан-Әбітай тарағанбыз.

Әжемнің айтуынша Майқан қайтыс болғаннан кейін малдың барлығы әкем Сәрсенбайға қалған. Бірақ Совет үкіметі малды тартып алып, «Сен байдың тұқымысың!» деп колхозға қабылдамайды. Сол кезеңдерде біршама туыстарымызға кінәсіз жала жабылып, айдалып кетеді. Бұны көрген әкем 1929 жылы бір түнде 3-4 отбасын алып, Үргенішке бет алады. Түннің қараңғысында аласапыранда Сәбираны таба Алмай қалады. Үргенішке барғаннан кейін елді сағынған әкем 1933 жылы елге оралады. Елге келгеннен кейін де қиындықпен бір отар малды бағуға әрең дегенде қолы жеткенде, 49 жасында әкем өмірден өтеді. Мен сол кезде 3 жаста едім. Әкенің бет жүзі елес болып қалған, әке деген сөзді айта алмай қалған күннен бастап, өмірімнің ызғарлы күндері басталғандай болды.

1953 жылы Талсуат ауылындағы Шайкөл атындағы мектептің 1-сыныбына бардым. Алғашқы мектепке баруым осылай басталды. Бірінші сыныпта 3 бала, екінші сыныпта 4 бала болып, бір класта екі жақта бөлініп отырып сабақ оқыды. Алғашқы ұстазым Жүнісова Беренкүл апай болды. Өте қатал еді. Сабақ оқымай барғаныңды көрсе, далада беймезгіл ойнағаныңды байқаса болды, бір сабақ бойы бір аяғыңды көтертіп, бұрышқа тұрғызып қоятын. Класста артқа бұрылып, сөйлегенінді көріп қалса, қолыңдағы сызғышпен басымыздан ұратын. Сол кездегі мұғалімдердің тәрбиесі осындай болатын. Ұмытпасам, сол кезеңде жазуды 11-ші, қытай перосымен жазатынбыз. Көркем жазу сабағы біздер үшін қызық болатын. Сия сауытқа көп салып, алтындытып жарысып әдемілеп жазатынбыз. Бірде апайымды мақтай отырып, апайдың ұратынын айтып қалдым, әкем өзіме ұрысқаны, мұғалім жаман болсын деп айтпағанын, ұрғаны дұрыс болғанын айтты. «Бұзық болмай, сабағыңды оқып, білімді үлкен азамат бол» демесі бар ма. Осы айтқан ана сөзінен кейін сабаққа мұқият дайындала бастадым.

Көктем басталды дегеннен бастап колхоздың шаруашылығының қызатын кезі. Соғыстан келгендердің бірінің аяғы жоқ, бірінің қолы жоқ, жарақат алған жандар. Колхоз жұмысында басым көпшілігі әйел, бала-шағалар болды. Тіпті мектеп оқушыларын да колхоз жұмысынан қалдырмайтын. Егіннің арам шөптерін отауға, қала берді қауын-қарбыз, қызанақ, бөдірен жинауға, бидайдың масағын теруге апаратын. Өлі есімде қауын-қарбыздың піскен кезінде пышақ салсаң болды дар ете қалатын. Тәттілігі сонша аузыңды ойып жіберетін. Қызанақты бөлгенінде қыраулапып тұратынын айтсаңшы, шіркін-ай сол кездегі жердің құнарлығы қандай болған десенші...

Күнде таңертең ауыл адамдары егістік жаққа бет алады. Соның ішінде әкем де есегіне мініп, жердің басына кетпеген еңгеріп кетіп бара жататын. Әкем жұмысқа кетерде тезектен жағылған отқа, тапаға қамыр салып кетеді. Кейде ұйықтап қалып, тападағы піскен нан күйіп кететін. «Әй, балам-ай», деп нанның бетіндегі күйгенін пышақпен қырып тастап, жей беретінбіз. Тапаны шоқтан ала берген кезде, нанның бетіне тапанын бетіндегі күлді түсіріп алған кездерім де болды. Сонда әкем ұрыспай, нанның бетіндегі күлді үрлеп жіберіп жейтінбіз. Әжемнің жұмыстан келетін кезін біліп алған мен самаурынды қайнатып қоятынмын. Шайға қанып ішіп алған әкем күбіге айранды пісіп, сары майын алып, онан соң діірменге бидайды салып, айналдырып ұн қылатын. Мен болсам, өлім келгенше қорадағы малдың боғын сыртқа шығарып, бір жерге жинап, кептіріп, пешке жағуға дайындап қатын-

мын. Бұл менің күнделікті жұмысым болатын. Әжемен бірге отын тасып, тезек теріп, күбі пісіп, дйірмен тартқан күндерім де болатын. Әйтеуір тыным таппайтынмын: бақшаны егу бар, оны жинау бар, онан қала берді малға қыстық шөп дайындау — осының бәрі ретімен келіп жататын. Десе де, бала кезімізде бір-бірімізбен келіспей төбелесіп қалсақ, жекпе-жек төбелесетінбіз, жақтасу деген болмайтын. Қыс болса, дарияның мұзына коньки теуіп, жаз болса дарияның суына шомылып, футбол, қашпақ, тығылмақ, есекпен көкпар тартып, тағы басқа ойындар ойнап, балалық бал дәурен шағымызды қызықты өткіздік десек болады. Ауыл ақсақалдары, ақ жаулықты әжелер отырған жерде қолдарына су құйып, «үлкен жігіт болыңдар, молда болыңдар» деген батасын алатынбыз. Тамақ үстінде біздерге ата-салтымен қос қолдап тамақ асататын. Оны біздер мақтана айтып жүретінбіз. Кейбір үлкен кісілер біздерді шақырып алып, Қобланды, Алпамыс сияқты батырлар жырын оқытып, тыңдататын. Міне, осы кісілерден «ұят болады», «жаман болады», «обал болады» деген сөздерді естіп, тәрбие алдық десек болады. Ауыл тарихы — ел тарихы деп бекер айтылмаған. Міне, осындай ауылдан тәрбие алып өскен біздер, ауыл руханиятының темір қазығы деген осы болар деп те ойлаймыз.

1959 жылы Қызылорда қаласындағы №10 Абай атындағы мектепке 8-ші сыныпқа оқуға келдім. Мектепте көптеген іс-шаралар өтеді екен, соған белсене араласатынмын. Ауылда дүкеннің жанында үлкен столбы басына орнатылған қалқанды радио болатын. Сол радиодан естіп үйренген Кеңес, Келіншек, Арғынғазы күйлерімен мектептегі домбыра үйірмесіне қатысып кеткеніме қатты қуандым. 7-ші қазан Октябрь революциясының құрылған күні мен 1-ші мамыр Бейбітшілік мерекесін атап өту мақсатында көше бойымен мектеп оқушылары, студенттер, фабрика, зауыт жұмысшылары, 15 социалистік республиканың жалаулары көтеріп, орыс тілінде жазылған плакаттарды ұстап, Коммунистік партия Орталық комитетінің бюро мүшелерінің портретімен орталық алаңға шығатын. 2-апрельде В.И. Лениннің туған күні қарсаңында жақсы оқитын оқушыларды октябрь, пионер, комсомол қатарына қабылдайтын. Октябряттар төсіне бес жұлдыз тақса, пионерлер мойнына үш бұрышты қызыл галстук байлайтын. Комсомол қатарына қабылданғандар костюмінің немесе көйлегінің сол жағына Ленин бейнесі бар комсомол значокі тағатын. Тәртібі мен сабақ үлгерімі нашар оқушыларды пионер және комсомол қатарынан шығарып, жиналғыса салып жіберетін. Мемлекеттің тағы бір ұстанымы: В.И. Ленин айтқандай, «Оқы, оқы және оқы» деген ұранды алға тартып, сабаққа жақсы дайындалуға тырысатынбыз.

Жаңа жылдағы балмаскарад мерекесі, 23-ші ақпан — Совет Армиясы күні, 8-ші наурыз — Халықаралық әйелдер күні, 22-ші сәуір — Лениннің туған күні, 9-шы мамыр — Ұлы Отан соғысының жеңіс күні, комсомол, пионер күндері сияқты көптеген мереке мектепте аталып өтетін. 1962 жылы мамыр айы болатын, сабақ аяқталған кез еді. Бір бала келіп, «Сені директор шақырып жатыр» деді. Директор шақырса, қорқатын әдетіміз ғой. Ойлап барса жатырмын, не бүлдіріп қойдым деп. Директордың кабинетіне кірсем, бір корей кісі, класс жетекшім Шпентаева аламын отыр екен. Директор Шаяхметов Қазбек: «Қорықпа, Ақтөбе қаласынан келіп отыр, мәдени-ағарту училищесіне оқитын бала іздеп келді» деп түсіндірді. Директор маған қарап: «Гармон, домбыра тартасың ба? Барасың ба?» деп қойды. "Әй, осы сен бала духовой оркестрде ойнайтын бала емессің бе?" деп еді. Апай да мақұлдап: «Иә» деді.

Мені мектептің бір класына кіргізіп, өзін таныстырды. Атым Цхе деді. Содан кейін ән айтқызды, аккордон тартып,

КҮМБІРЛЕГЕН КҮЙ...

Сахнада күмбірлесе күміс күй, Көңілде шаттық билеп кетеді. Қазағымның нар идірген күйлері Сан ғасырға тарих болып жетеді.

Мұңын мұңдап, жоғын жоқтап халықтың, Күңіреніп, талай рет қамықтың. Ата-бабаң кие тұтқан домбыра Қазағымды талай елге таныттың.

Халқым білед Құрманғазы, Динаны, Бар өнерін ұрпағына сыйлады. Сыр елінде өмір сүрген Досжанның Әлшекейдің бар мұрасын жинады.

Тарихта мың жасайды өрелі өнер, Пайдасын күйшілердің халқы көрер. Кеудесі күйшілердің алтын сандық Елінің мұң-мұқтажын жырлай берер.

Әр заманның күйшісі бар, күйі бар Сол күйлерде ел халқының мұңы бар. Сазды әуенді, жүрек тербер саздарын Естілмесе тыңдаушысы сағынар.

Ертеде өткен күйшілердің жалғасы, Терең оймен парасаттың арнасы. Сыр елінің Балтабайы Нұржанның Бабалардың ұлы жолын жалғашы.

Күй арнадың жез таңдай әнші Нартайға, Күй шығардың тола ма деп Аралға. Сыр еркесі сыңғырласа жүректе Күй арнадың Бауыржандай данаға.

Қос қанатың Әсем менен Әселге, Арқау болды күйлеріңе немере. Сыңғырласа Балтабайдың төкпесі Күй арнаған анаңның жоқ екпесі.

Тағы бір күй Ақмешіттің ақ таңы, "Сыр еркесі" қазағымның мақтаны. Розаны күй тілінде сайраттың Ганиды "өшпес жұлдыздайын" жайнаттың.

"Балдыз", "Шаттық", "Қуаныштай" күйлерің Терең толғау көңілге сол түйгенім. Отыз күйің сахнада шалқыған Зор еңбегің халқыңа сол бергенің,

Домбырада күмбірлесе күміс күй, Ал өндерің сахнада шалқыды. "Ән қалқа", "Мәншүк", "Аяжан" аруларың Көк жүзінде сағым болып қалқыды.

"Қалтай аға", "Ақын баба", "Боздақтарын", Осы әндермен келешекте озбақ бағың. Бұл өндерің көңілді күңіретсе Көңілдерді көтерер

"Қайдасың менің арманым".

Сағынам жаным мен сені деп Ғашықтарды жетеледің шыңдарға. Өндеріңді арнап көңіліңді демдеп, Сүйші сен саулем деп жүрсін арманда.

Сахнада күмбірлесін күйлерің, Ал өндерің шыңға ойды жетелер. Сыр бойының Балтабайы Нұржанның, Алға қойған мақсатыңа жете бер.

Күйлерің мен өндерің жүрек қылын шертеді, Жанды баурап сары майдай ертеді. Сыр бойының сал серісі Балтабай, Қазағымның мақтаны, бүгінгісі-ертеңі.

Әміт ЖАҢАБАЕВ Қазақстан журналистер одағының мүшесі

«Мынау не дыбыс?» деп сұрай отырып, шапалақпен әр түрлі ритмдерде ұрғандарын қайталап бердім. «Хорошо» деп қолыма қағазға адрес жазып берді. Үйге келіп әжеме осындай оқу бар екенін, Ақтөбе қаласына баратынымды айттым. Әжем: «Қайдағы оқу? Бармайсың!» деп біраз сөз айтты. Қай уақытта болсын ата-ананың әдепкіде айтатын сөзі екенін түсініп тұрмын. Дегенмен, әжемді көндіріп, Ақтөбе қаласына жол тарттым. Жазып берген адреспен барып, жатақханаға орналастым. Бірнеше күннен кейін слухтан, ритмнен, тарихтан, орыс тілінен емтихан тапсырып, оқуға қабылдандым. Қыркүйекте оқу басталды. Қазақстан-

борышымды өтедім, 1969 жылы елге оралдым. 1970 жылы еңбек жолымды Қызылорда қаласындағы №1 балалар музыка мектебінде домбыра класынан дәріс беруден бастадым. Сондай-ақ №212, №140, №10 қазақ орта мектептерінде ән-күй пәнінен сабақ бере жүріп, мектеп оқушыларынан «Жауқазын», «Айгөлек» ән-би ансамбльдерін ұйымдастырдым. 1975 жылы облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының бастығы Ы.Сқақовтың шақыруымен, сол мекеменің жанындағы мәдениет үйінің директоры болып тағайындалдым. Аудандағы және қаладағы училищелерді қосқанда 16 профтехучилище болатын.

Сол училищелерде тракторшы, шофер, плотник (ағаш ұстасы), кірпіш қалаушы, тігінші, фотограф, аспазыш, сантехник, сварщик сияқты мамандықтар даярланатын. Ал Аралдағы училищесіде моряктар даярлайтын. Оқуға барлық республикадан және облыстан жастар келетін. Бұл жұмыс оңай болмады, өйткені біз училищелерде өткізілген мәдени іс-шаралардың сапалы өтуіне әдістемелік көмек көрсетумен қатар, көркемөнерпаздар үйірмесіне де қолдау білдіретінбіз. Сол уақытта, қазақ ұлт аспаптар оркестрінің негізін қалап, оркестрдің дирижері, әрі көркемдік жетекшісі қызметін атқардым. Оркестр құрамында 30 адамнан аз болмауы керек деген талап қойылды, бұл республикалық мәдениет үйінің талабы болатын. Осы талапқа сәйкес оркестр құрамы жасақталды. Оркестрге училищенің курсанттарымен қатар, мастер мұғалімдер де қатыстырылды. Осының нәтижесінде мен басқарған өнер ұжымы Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Ақмола қалаларында өткен республикалық байқауларда жүлделі орындар алып, дипломдар мен грамоталармен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды. Жыл сайын облыстық көркемөнерпаздар байқауы өткізіліп, одан іріктеліп алынғандар оркестрдің құрамына қосылды. Оркестрде орындалатын шығармалар, күйлер мен әндерді дайындауда нота білмегенімізден қиындықтар көп болды. Бірақ сол кезден бастап нотаны қағазға жазып алып, үйренуге тура келді.

1977 жылы Шымкент қаласында өткен бірінші бүкілодақтық халық шығармашылық фестивалінде лауреат атандық. Оркестр құрамында бүгінгі күні Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, жырау Алмас Алматы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы, композитор Рамазан Тайманов, композитор Нұрмаш Алғашбаев және марқұм, Сырдың ақбаяны болған Мәдина Ералиева сияқты өнер саңлақтары болды. Оркестр 1977-1987 жылдар аралығында I-II Бүкілодақтық халық шығармашылық фестивалінің лауреаты атанды. 1985 жылы «халықтық» атағын иеленді. 1989 жылы облыстық кәсіптік-техникалық білім басқармасы тартылып, училищелер облыстық білім басқармасының қарамағына берілді. 1989 жылы мен №2 балалар музыка мектебіне ауысып, домбыра класынан дәріс беруді жалғастырдым.

1989 жылы өзім жетекшілік еткен Батыс Қазақстан темір жол басқармасына қарасты №1 темір жол мектеп-интернат оқушыларынан құрған «Атамұра» фольклорлық ансамблі Мәскеуде өткен халық шығармашылығы фестивалінде дипломат атанды. Оның құрамында қазіргі кезде елімізге танымал әнші Алмас Кишкенбаев та болды.

1990-2008 жылдар аралығында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «музыкалық аспаптар» кафедрасының доценті болып, домбыра класынан дәріс бердім. Көп жылдар бойы «Сыр сазы» этно-фольклорлық ансамбліне жетекшілік еттім.

Балтабай НҰРЖАНОВ

